

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 18 қарашадағы № 122 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 желтоқсанда № 7330 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 7 тамыздағы № 80 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 07.08.2014 № 80 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізуді одан әрі жетілдіру мақсатында, «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулық (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін, оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін және құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.
5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры *А. Дауылбаев*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 2 2 б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламалар, шағымдар мен өзге де ақпарат, олардың субъектілері, қылмыстық істер, қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту туралы қаулылары шығарылған материалдар, алдын ала тергеу мен анықтау ісін жүргізу, прокурорлық қадағалау және сот төрелігін іске асыру туралы бірыңғай карточкалық есебін жүргізудің тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Нұсқаулық).

2. Бірыңғай карточкалық есепке алуды (бұдан әрі – есепке алу) белгілеу қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуге ашық статистикалық байқау жүргізуден және мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды қылмыстылық жағдайы, қылмыстық қудалау органдарының, соттардың және жазаның орындалуын бақылайтын органдар қызметі туралы бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйені (бұдан әрі – ББСЖ) жүргізу арқылы объективті және айқын мәліметтермен қамтамасыз етуден тұрады.

3. Есепке алуды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет), Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары, соларға теңестірілгендер (бұдан әрі – Басқарма), аудандық және соларға теңестірілген прокуратураларда орналастырылған басқармалардың

топтары мен қызметкерлері (бұдан әрі – басқармалардың бөлімшелері) жүргізеді.

4. Осы Нұсқаулықта ескерілген құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне (бұдан әрі – субъект) қылмыстық қудалауды іске асыратын мемлекеттік органдар, жазаның орындалуын бақылайтын органдар, прокурорлар мен соттар жатады.

5. Қылмыстар, оларды жасаған тұлғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды, өзге де ақпаратты, тергеу, анықтау, прокуратура және сот органдары қызметінің нәтижелерін есепке алу осы Нұсқаулықтың 2-тарауында аталған ақпараттық есепке алу құжаттарын (бұдан әрі – карточкалар) құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына (бұдан әрі – уәкілетті орган) қою арқылы негізделіп, жүзеге асырылады.

6. Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламалар және өзге де ақпаратты тіркеуді (ЗС-1, ЗС-2 нысанды карточкалар) субъектілер электрондық немесе қағаздағы форматта жүргізеді.

7. Карточкаларды субъектілер осы Нұсқаулықта көзделген мерзімдерде олардың тіркелуін, автоматтандырылған өңделуін және солардың негізінде есептердің қалыптастырылуын қамтамасыз ететін тиісті басқармаларға (басқарма бөлімшелеріне) ұсынады.

2. Карточкалардың нысандары

8. Қылмыстық-құқықтық статистиканы қалыптастыру карточкалардың мынадай нысандарының негізінде жүзеге асырылады:

1) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес «Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініш, хабарлама және өзге де ақпаратты есепке алу карточкасы» ЗС-1 нысаны (бұдан әрі - ЗС-1 нысанды карточка);

2) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес «Қылмыс туралы тіркелген өтініш, хабарлама бойынша шешімді есепке алу карточкасы» ЗС-2 нысаны (бұдан әрі - ЗС-2 нысанды карточка);

3) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес «Қылмысты есепке алу карточкасы» 1.0 нысаны (бұдан әрі – 1.0 нысанды карточка);

4) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес «Алдын ала тергеудің (анықтаудың) барысы және нәтижесі туралы карточка» 1.1 нысаны (бұдан әрі – 1.1 нысанды карточка);

5) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес «Қылмыс жасаған адамға карточка» 2.0 нысаны (бұдан әрі – 2.0 нысанды карточка);

6) осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес «Күдікті, айыпталушы, ұсталған немесе қамауға алынған адамға арналған карточка» 2.1 нысаны (бұдан әрі – 2.1 нысанды карточка);

7) осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес «Қамауда ұстау, үйде қамап ұстау бұлтартпау шараларын таңдау туралы, қамауда ұстау, үйде қамап ұстау мерзімін ұзартуды, күшін жоюды, өзгертуді және қамауда ұстауды, үйде қамап ұстауды беруден бас тару туралы, сот санкциясына шағымдану және наразылық білдіру туралы қолдаухатты соттың қарауы жөніндегі карточка» 2.2 нысаны (бұдан әрі – 2.2 нысанды карточка);

8) осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес «Қылмыстық іс бойынша прокурор шешімі туралы карточка» 3.0 нысаны (бұдан әрі – 3.0 нысанды карточка);

9) осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасына сәйкес «Алып қойылған және жойылған есірткілік құралдарды, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттарды, прекурсорларды және құрамында есірткілік заттар бар өсімдіктердің өсу алқаптарын есепке алу карточкасы» 1-Н нысаны (бұдан әрі – 1-Н нысанды карточка).

Адамдар туралы сауалнама деректері бойынша карточка деректемелері (тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы) жеке басты куәландыратын құжаттар негізінде толтырылады.

9. Қылмыстық қол сұғушылықтардан жәбірленген шетелдік мемлекет азаматтарының, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдардың елін және ұлтын белгілеуге арналған сандық кодтар осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес «Әлем мемлекеттерінің сөздігіне» және осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес «Ұлттар сөздігіне» сәйкес келуі қажет.

3. Карточкаларды жүргізу мен есепке қою

10. Карточкаларды толтыру кезінде қылмыс туралы өтініш, хабарлама бойынша материалдармен, қылмыстық іспен сәйкестікте оларда бар мәліметтердің астын сызып отыру қажет.

Тергеуші немесе анықтаушы (анықтау органының бастығы), арнайы прокурор құрған карточкаға прокурор қол қою кезінде карточка мәліметтерінің іс материалдарымен сәйкестігін салыстырып тексеруге және карточкаға қол қойғаннан кейін оны тиісті кеңсе арқылы осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімде уәкілетті органға тапсыруға міндетті.

Карточкаларға прокурордың қолы қойылғаннан кейін оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

ЗС-1, ЗС-2 нысанды карточкалардан басқа, субъектілер ұсынған карточкалар уәкілетті органның кеңсесінде тіркеледі және 24 сағат ішінде Басқарманың ББСЖ автоматтандырылған деректер банкіне (бұдан әрі – ББСЖ АДБ) енгізуге жатады. ББСЖ АДБ-ға карточкаларды енгізудің уақтылы болуын, сонымен қатар

ББСЖ АДБ-дағы мәліметтердің, енгізілген өзгерістердің негізділігін тиісті Басқарма бастығы қамтамасыз етеді.

11. Осы Нұсқаулықтың 2-тарауы 8-тармағында көрсетілген карточкалар қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер, хабарламалар және өзге де ақпаратты Есепке алу кітабында (бұдан әрі - ӨАЕК) (ЗС-1, ЗС-2 нысандары), осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасына сәйкес уәкілетті органның Қылмыстық істер, қылмыстар және оларды жасаған адамдарды бірыңғай есепке алу журналында (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 2.2, 3.0, 1-Н нысандары), (осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес әкімшілік іс жүргізу істері және басқа да актілер бойынша № 1-Н нысанды) есірткілік құралдарды, жүйкеге әсер ететін, улы заттарды, прекурсорларды (бұдан әрі – ЕЖП) алып қою және жою деректері жөніндегі әкімшілік істер бойынша және бас тарту материалдары бойынша карточкаларды есепке алу журналында тіркеуге жатады.

12. Субъектінің лауазымды тұлғасы (лауазымды тұлғалары) толтырып, қол қойған (1.0, 1.1, 2.0, 2.1, 2.2, 3.0, 3.1, 1-Н нысанды) карточкалар іс жүргізу шешімінің қабылданған сәтінен бастап 24 сағаттың ішінде уәкілетті органға тіркеу үшін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырылуы қажет. Егер келесі жұмыс күні демалысқа немесе мереке күніне келсе, жұмыс күні болып одан кейінгі келесі жұмыс күні саналады.

13. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды тіркеу, Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылған материалдарды есепке алу журналында іске асырылады. Аталған журналды субъектілердің барлық бөлімшелері жүргізеді және іс қағаздарын жүргізуді реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілермен белгіленген мерзімнің ішінде сақталады.

14. Субъектілер кезекші бөлімдерге келіп түскен өтініштерді, хабарламаларды тіркеген сәттен бастап 24 сағат ішінде келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ЗС-1 нысанды карточка мәліметтерін және іс жүргізу шешімі қабылданған сәттен бастап ЗС-2 нысанды карточка мәліметтерін электрондық Ө А Е К - г е е н г і з е д і .

ЗС-1, ЗС-2 нысанды карточкалардың қағаздағы түрлерінің түпнұсқалары субъектілерде сақталады.

15. Жеке айыптау істерін соттар қозғаған және қараған жағдайда қылмыстарды және оларды жасаған адамдарды есепке алу үшін 1.0, 2.0 нысанды карточкалар қойылады. Ақпараттық есепке алу құжаттары (Комитет келіскен XML-нұсқасындағы) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотынан орталықтандырылып, Комитетке ұсынылады.

Егер сот істі ҚР ҚІЖК 394-бабы 1-бөлігі 3-тармағы тәртібінде қылмыстық қудалау органына тергеуге берсе ақпараттық есепке алу құжаттары

ұсынылмайды, XML құжаттары жүктелмейді.

16. Басқармаларда есепке алу және бақылау жүргізу мақсатында Бірыңғай бақылау журналы жүргізіледі, оған басқарма бөлімшелері жолдаған карточкалар тіркеледі.

17. Әскери қылмыстар, олардың субъектілері, қылмыстық істер, әскери тергеу, анықтау, прокуратура органдарының және соттардың қызметтері туралы, сондай-ақ әскери қылмыстар жасағаны үшін сотталған тұлғалар карточкаларының есебін осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Әскери басқарма жүргізеді.

Сондай-ақ Әскери басқармадағы есепке әскери қызметкерлердің, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құрылымдарында шақыру немесе келісім шарт бойынша әскери қызметтерін өтеп жүрген тұлғалардың, запаста жүрген азаматтардың әскери жиындар өту кездерінде, қызметтік міндеттерін атқаруға байланысты әскери бөлімдердегі, құрамалардағы, мекемелердегі немесе осы әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің орналасқан жерлеріндегі азаматтық қызметшілердің және соларға теңестірілген тұлғалардың жасаған қылмыстары жатады.

18. Істері қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымдарында іс жүргізуде жатқан қылмыстар туралы карточкалар қылмыстың жасалған жері бойынша тиісті Басқармаға жіберіледі.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (бұдан әрі – ҚР ҰҚК ШҚ) органдары қозғаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 330-бабы 1-бөлігі және 331-бабы 1-бөліктерінде (бұдан әрі – ҚР ҚК) көзделген қылмыстар туралы карточкалар қылмыстың жасалған жері бойынша басқармаларға қойылады. Осындай қылмыстар бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған қылмыстық істер мен материалдар ҚР ҰҚК ШҚ органдарына арналып белгіленген кодтауға сәйкес тіркеледі. ҚР ҚК басқа да баптары бойынша ҚР ҰҚК ШҚ қылмыстық ісін қозғау кезінде карточкалар басқармаға қылмыстың жасалған жері бойынша қойылады.

20. Аталған ауданның, қаланың, облыстың басқа да қылмыстық қудалау органдарынан тергеуде болуына қарай келіп түскен қылмыстық істері, бұрын біріктірілгендерден бөлектенген істер, сондай-ақ қосымша тергеу жүргізуге немесе жеке тапсырмаларды орындауға келіп түскен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы басқа облыстарының істері қайта тіркелуге жатпайды.

Басқа мемлекеттердің, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен істер тіркелуге жатады. Қылмыстық іс басқа мемлекеттердің қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскенде Басқарма қылмыстық іске жаңа нөмір беріп, қайта тіркелген ретінде есепке алады.

21. Тазартып өшірілген, түзетілген және басқа да түзетулері бар карточкалар есепке алуға қабылданбайды. Бұл жағдайда, тиісті түрде ресімделмеген карточкалар ауыстыру үшін оның қайта жіберілуіне не толық ресімделуіне бақылауды қамтамасыз ететін қадағалаушы прокурор арқылы ілеспе хатпен түскен күні қайтарылады. Карточкалар қайтарылған кезден бастап 24 сағаттан кешіктірілмей қайтадан қойылуы қажет.

Комитет пен басқарма қызметкерлері ақпараттық есепке алу құжаттарындағы мәліметтерге өздігінше түзету енгізбейді.

22. Карточка мәліметтерінің деректер базасындағы қате енгізілген деректемелерге түзету енгізу, жою қажет болған жағдайда субъект қадағалаушы прокурор келіскен қолдаухатты Басқармаға жолдайды. Басқарма тәуліктік мерзімде карточка мәліметтерін жоюдың негізділігін, ал есеп алдындағы кезеңде – бұл туралы субъектіні және қадағалаушы прокурорды ақпараттандыра отырып, түскен күні тексереді.

23. Карточкаларда қамтылатын мәліметтердің толықтығы мен айқындылығын, оның басқармаға уақытылы ұсынылуын карточкаларға қол қоятын тұлғалар қамтамасыз етеді.

4. ЗС-1 нысанды карточканың қойылуы

24. ЗС-1 нысанды карточка қылмыс, оқиға туралы өтініштер, хабарламалар және өзге де ақпарат ӨАЕК-ге тіркелгеннен кейін қойылады.

ЗС-1 нысанды карточка екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қылмыс, оқиға туралы тіркелген өтініш, хабарлама және өзге де ақпарат туралы жалпы мәліметтер бар: өтінішті, хабарламаны тіркеген субъектінің атауы; қылмыс, оқиға жасалған аудан; қылмыс, оқиға туралы өтініштің, хабарламаның нөмірі; өтінішті қабылдау туралы талонның нөмірі; бастапқы тіркеу нөмірі мен күні туралы мәліметтер; карточканың Басқармаға келіп түскен күні; өтініш беруші және жәбірленушілер туралы мәліметтер, оқиғаны баяндау, залалдың сомасы, күдіктілер туралы деректер.

Карточканың екінші бөлімі (екінші жағында) криминалдық сипаттағы белгілері бар хабарламалар (өтініштер) туралы мәліметтерді қамтиды: есепке алудан жасырылған өтініштер туралы, есепке алудан жасырылған өтініштерді және қайдан келіп түскенін, шығыс нөмірі мен күнін анықтаған орган туралы; ӨАЕК-дегі тіркеу нөмірі; қылмысты саралау, қылмыс санаты, жұмыс бағыты; қосымша белгілер; ішківедомстволық жедел есепке алу үшін (субъектінің қарауы бойынша): өтініш беруші, өтініш берушінің (ұйымның), жәбірленушілердің мекенжайы, қылмыстың жасалған жері, күдікті туралы, қарау тапсырылғанның оқиға орнына баруы, қызметі туралы деректер.

Криминалдық сипаттағы мәліметтерді қамтыған өтініштер, хабарламалар – шешім ҚР ҚІЖК 185-бабы тәртібінде қабылданатын қарау нәтижелері бойынша қылмыс туралы өтініш немесе хабарлама деген түсінік береді.

25. ӨАЕК-де қылмыс туралы өтінішті, хабарламаны тіркеген субъект шұғыл түрде ЗС-1 нысанды карточканы толтырып, карточканың өзін және оның электрондық нұсқасын 24 сағаттың ішінде облыстық қылмыстық қудалау органына (соған теңестірілгенге), тергеу, анықтау, прокуратураның әскери органдарына осы Нұсқаулықтың 17-тармағына сәйкес жолдайды.

26. ӨАЕК-ге бір ғана қылмыс (дерек) бойынша өтініштерді, хабарламаларды қайта тіркеу кезінде, әрбір қайта тіркелген өтінішке, хабарламаға ӨАЕК-де бастапқы өтінішке қатыстыру туралы белгі қойылып, ЗС-1 нысанды карточка қойылады және әрбір қайталанған өтінішке қатыстыру туралы ЗС-2 нысанды карточка қойылады. Соның ішінде барлық өтініштерді қарау мерзімі бастапқысын тіркеген кезден бастап есептеледі.

27. Тергеуге алынғандығына қарай берілген өтініш (материал), басқа облыстың (соған теңестірілгеннің) субъектісіне келіп түсуі бойынша ӨАЕК-де тіркеледі және көрсетілген карточканың 5 «код 5» деректемелері міндетті түрде белгілене отырып ЗС-1 нысанды карточкасы қойылады, оның көшірмесін субъект келіп түскен фактіні растау үшін өтінішті (материалды) жіберген облыстың субъектісіне жолдайды.

Бұрын тергеуге алынғандығына қарай жіберген органға өтінішті (хабарламаны) қайтарған жағдайда, ӨАЕК-де бастапқы тіркелуі бойынша қайтарылғаны туралы белгі қойылады. Соның ішінде өтініш қайта тіркеуге жатпайды, бірақ келіп түскені туралы ЗС-1 нысанды карточка қойылады, оның көшірмесі өтінішті (материалды) жіберген Басқармаға жолданады. Өтініштің қаралу мерзімі осы органда өтінішті алғашқы тіркеу мерзімінен бастап е с е п т е л і н е д і .

28. ЗС-1 нысанды карточкадағы алдын-ала дәрежелену ӨАЕК-де тіркеуден өткен қылмыс, оқиға туралы барлық өтініштер, хабарламалар бойынша толтыру ү ш і н м і н д е т т і .

29. Есепке алудан жасырылған қылмыс туралы өтініш анықталған жағдайда ЗС-1 нысанды карточканы тіркеу және қою оны жасырған қылмыстық қудалау органында 10 және 10.1 деректемесін белгілеу арқылы жүргізіледі.

Есепке алудан жасырылған қылмыс туралы өтінішті басқарма қызметкері анықтаған кезде ЗС-1 нысанды карточкаға қадағалаушы прокурор қол қояды. Соңғысы қылмыстық іс қозғаған немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ЗС-2 нысанды карточканы осы прокурор қояды, бірақ есепке алуды өтінішті, хабарламаны тіркеу органы, яғни, ЗС-1 карточка тіркелген орган жүргізеді.

30. Өтініш беруші және жәбірленуші туралы мәліметтер келіп түскен өтініштер, хабарламаларды есепке алу кезінде де, криминалдық сипаттағы белгілері бар өтініштер, хабарламаларды есепке алу кезінде де толтырылады.

31. ЗС-1 нысанды карточкаға тегін, атын, әкесінің атын, лауазымын, күнін көрсету арқылы ӨАЕК-ге ақпарат енгізген органның лауазымды тұлғасы толтырып, қол қояды және қылмыс, оқиға туралы әрбір тіркелген өтініш, хабарламаға қояды.

5. ЗС-2 нысанды карточканың қойылуы

32. ЗС-2 нысанды карточка ҚР ҚІЖК 185-бабы 1-бөлігі 1, 2, 3 және 4 тармақтары тәртібінде және ӨАЕК-де бұрын тіркелген өтініштерге (материалға) тіркеу туралы және прокурордың қосымша тергеуге жолдай отырып қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жоюы кезінде, сондай-ақ өтінішті (материалды) қарау мерзімін ұзарту кезінде шешім қабылданған материалдардың ақпараттық есепке алу құжаты болып табылады.

33. ҚР ҚІЖК 185-бабында көзделмеген шешімдерді қабылдаған кезде, өзге де ақпаратты қарау нәтижелері және аты-жөні көрсетілмеген өтініштер бойынша ЗС-2 нысанды карточканың 4-деректемесінде «дерек расталмады (1)» белгісі қойылады және 5-деректеме толтырылады.

34. Тергеуде болуына қарай өтініш (материал) басқа облыстың (соған теңестірілгеннің) субъектісіне жолданған жағдайда, ЗС-2 нысанды карточка өтініш (материал) жіберілген органның атауын көрсету арқылы аталған карточканың көшірмесін қоса отырып қойылады.

35. Прокурордың қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойып, қылмыстық іс қозғау туралы шешімі бар ЗС-2 нысанды карточканы қою кезінде, қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі қозғау туралы шешімі бар ЗС-2 нысанды карточкасы қойылмайды. Сонымен қатар, № 2-ЗС нысанды есепте аталған материал бойынша шешім «Қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған» және «Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының күші жойылған» бағандарында ескеріледі.

Прокурор қосымша тергеуге жолдай отырып қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойған жағдайда ЗС-2 нысанды карточка қайта қойылады. Сонымен қатар, ЗС-2 нысанды карточка күші жойылған материал бойынша қайтадан шешім қабылданған кезде қабылданған шешімді көрсете
о т ы р ы п қ о ы л а д ы .

Карточканы шешім қабылдаған лауазымды тұлға толтырып, оған қол қояды, ал қандай да бір шешімді прокурор қабылдаған жағдайда бұл карточкаға қадағалаушы прокурордың өзі қол қояды.

ҚР ҚІЖК 184-бабына сәйкес өтінішті (материалды) қарау мерзімін ұзарту кезінде ЗС-2 нысанды карточка қойылады және өтінішті қарайтын лауазымды тұлға қол қояды, ал өтінішті прокурор қараған жағдайда бұл құжатқа прокурордың өзі қол қояды. Егер өтінішті (материалды) қарау мерзімін ұзарту 10 күннен артық жүргізілсе, бұл жағдайда ЗС-2 нысанды карточкаға прокурор да қ о л қ о я д ы .

36. ЗС-2 нысанды карточкада «ӨАЕК-ге тіркелген» деректемесі көзделген, бұл деректеме бір қылмыс (дерек) бойынша бірнеше өтініш, хабарлама келіп түскенде т о л т ы р ы л а д ы .

«ӨАЕК-ге тіркелген» шешімі бар ЗС-2 нысанды карточка ӨАЕК-де тіркелмеген өтініштер мен хабарламаларға қойылмайды.

6. 1.0 нысанды карточканың қойылуы

37. 1.0 нысанды карточканы субъектінің лауазымды тұлғасы төмендегідей шешімдерді қабылдау кезінде қылмыстың жасалған уақытына қарамастан есептік кезеңде анықталған қылмысқа қояды:

- 1) қылмыстық іс қозғау туралы;
- 2) ақталмаған негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы;
- 3) прокурордың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жоюы және қылмыстық іс қозғау;
- 4) қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлу кезінде;
- 5) тергеу барысында анықталған тіркелмеген қылмысты есепке алу кезінде;
- 6) қылмыстық істің тергеуде болуына немесе аумақтық тиесілігіне қарай есепке алына отырып басқа мемлекеттерден, соның ішінде ТМД-дан келіп түскен к е з і н д е ;

7) субъектінің ҚР ҚІЖК 394-бабы 1-бөлігі 3-тармағы тәртібінде қылмыстық іс ті қ о з ғ а у к е з і н д е ;

8) жеке айып тағу істері бойынша соттың айыптау үкімін шығару кезінде.

38. ҚР бірыңғай стандарттарға келтіру үшін – қылмыстарға реттік нөмір беру кезіндегі бірыңғай есепке алуды қамтамасыз етудің Әкімшілік-аумақтық объектілерінің жіктегішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) қылмыстық істерді нөмірлеу осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес толтырылады.

39. Қылмыстық істерді нөмірлеу хронологиясын дұрыс жүргізу және сақтау мақсатында Қылмыстық істерді және оларды жасаған адамдарды есепке алу журналын жүргізу және қылмыстық қудалау органдары мен прокурорларға қылмыстық істің нөмірін беру уәкілетті органдарға жүктеледі.

40. «Статистикалық есептің түрі» 1.0 нысанды карточканың 6-деректемесіне – ескерілсін (1) қойылады. Алынсын (2) коды келесі жағдайларда қойылады:

аталған эпизод бойынша соттың барлық адамдарды ақтаған кезінде; ақталған негіздер бойынша аталған эпизодты сот қысқартқан кезде; ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жоя және қосымша тексеруге жолдай отырып не қылмыстық іс қозғаған кезінде іс бойынша өтетін барлық тұлғаларды айыптаудан аталған эпизодты соттың алып тастауы кезінде.

«Алып тасталсын коды (2)» қылмыстық істі Қазақстан Республикасының шегінен тыс берген кезде толтырылады.

Сот органдарының ақпараттық ресурстар деректерінің негізінде көрсетілген шешімдерімен осы эпизод бойынша және бір ғана дерек бойынша істі негізсіз (қате) қайтадан қозғау кезінде созылмалы және жалғастырылған қылмыстар бойынша қылмыстық іс қозғауда деректер базасында алынсын (2) коды, барлық басқа жағдайларда «Статистикалық есептің түрі» - «ескерілсін (1)» болуы қажет.

«Қылмысқа қатысты» 10.1 деректемесінің 04-кодымен белгіленген 1.0 нысанды карточка, егер қылмыстық іс бойынша бұл іске байланысты емес, сонымен қатар сол бойынша бұрын қылмыстық іс қозғалмаған қылмыс белгілері бар әрекеттер туралы мәліметтер алынған болса, ҚР ҚІЖК 49-бабы 3-бөлігі тәртібінде жеке іс жүргізуге бөлінген материал бойынша қойылады.

41. Адамға қатысты қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлген кезде жаңа нөмір бере отырып, 1.0 нысанды карточка қойылады, бірақ қылмыстылық туралы статистикалық көрсеткіштерді есептеу кезінде ол ескерілмейді.

Қылмыстық істердің деректемелерін қайта дәрежелену және өзгерту кезінде соңғысының нөмірі бұрынғыша қала береді.

Қылмыстық іс сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу тәртібінде тергелген жағдайда 2-деректеменің тиісті кодтары белгіленеді.

42. Егер бір істің шеңберінде әр түрлі облыстардың аумағында жасалған екі не одан да көп қылмыс тергелетін болса, негізгі іске біріктіру үшін беріп жіберілген эпизодтар бойынша карточкалардың көшірмелері (электрондық мәліметтер) қылмыстық істің тергелу жері бойынша Басқармаға ұсынылады немесе модемдік байланыс арқылы беріледі.

Қылмыстық істің тергелу жері бойынша Басқарма басқа облыстардың аумақтарында жасалған қылмыстар туралы карточкалардың көшірмелерін алған кезде оларды тіркеп, ББСЖ АДБ-да мәлімет деректері болмаған жағдайда бастапқы тіркеу нөмірімен автоматтандырылған деректер базасына енгізеді. Кейіннен аталған эпизодтардың қозғалыстары жөніндегі карточкалар келіп түскенде, көрсетілген мәліметтер де тіркеліп, электрондық деректер базасына енгізіледі.

Қылмыстық істің тергелу жері бойынша басқарма аталған эпизодтардың қозғалыстары туралы карточкалардың көшірмелерін түскен күні қылмыстың

жасалған жеріне қарай тиісті Басқармаға есепке алу үшін жолдайды.

Аталған қылмыстар (эпизодтар, адамдар) қылмыс жасалған аумақтағы Басқарма құратын қылмыстылық туралы есептерде ескеріледі. Сонымен қатар, қылмыстық істер жөніндегі есептерде аталған эпизодтар қылмыстық іс бойынша шешім қабылдаған орган бойынша тиісті Басқармада ескеріледі.

Барлық қылмыстар (эпизодтар, адамдар) қылмыс жасалған аумақтағы Басқарма құратын қылмыстылық туралы есептерде есепке алынады. Сонымен қоса, егер тергеу барысында оларды жасаған аудан туралы нақты мәліметтер белгіленсе, 1.0 нысанды карточканың «жасалған аудан» 4-деректемесі субъект баянатының негізінде, облыс прокуратураларының қолдау хаттарының негізінде т ү з е т у г е ж а т а д ы .

43. Істері республикалық қылмыстық қудалау органдарында іс жүргізуде жатқан қылмыстар туралы карточка қылмыстық істің тергелу жері бойынша у ә к і л е т т і о р г а н ғ а қ о й ы л а д ы .

44. Басқа облыстың аумағында жасалған қылмыс анықталған кезде және қылмыстық іс қозғау туралы шешімді қабылдаған кезде субъект 1.0 нысанды карточканы қояды және кейіннен тергеуде болуына қарай іске бұдан әрі тергеу жүргізу үшін беру кезінде іс жіберілген субъектіні көрсете отырып 1.1 нысанды к а р т о ч к а қ о й ы л а д ы .

45. ББСЖ АДБ бойынша қалыптастырылған тіркелген қылмыстар, егер олар бойынша қылмыстық істер қысқартылып, ақтау үкімі шығарылған болса, қылмыстылық туралы есепте төмендегідей негіздер бойынша есепке алуға ж а т п а й д ы :

1) қылмыс оқиғасы болмауы (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 1-тармағы, 376-бабы 2-бөлігінің 1-тармағы);

2) әрекетте қылмыс құрамының болмауы (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 2-тармағы, 376-бабы 2-бөлігінің 2-тармағы);

3) ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде, 34-бабының 2-бөлігінде, 37-бабы 1-бөлігінің 5-тармағында көзделгендерді қоспағанда, ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлігінде, 34-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша ж ә б і р л е н у ш і ш а ғ ы м ы н ы ң б о л м а у ы ;

4) сол айыптау бойынша заңды күшіне енген сот үкімі бар немесе қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілеген басқа бұзылмаған сот қаулысы бар адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 7-тармағы);

5) сол айыптау бойынша қылмыстық қудалаудан бас тарту туралы субъектінің бұзылмаған қаулысы бар адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 8-тармағы);

6) прокурордың қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не қосымша тексеруге жіберу немесе ақталған негіздер

бойынша қысқарту арқылы күшін жоюы.

46. Адамға қатысты қылмыстық қудалауды қысқартқан кезде немесе ақтау үкімін шығару кезінде қылмыс жасаған тұлға анықталмай қалса, қылмыс қылмыстылық туралы есептерде ескеріледі.

47. Тіркелген қылмыстар мынадай қылмыстық істерді қысқартқан жағдайда қылмыстылық туралы есептерде ескерілуге жатады:

1) егер ол жасаған әрекеті үшін жаза қолдануды жойса, рақымшылық ету актісінің салдарынан (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 3-тармағы);

2) ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуы кезінде (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 6-тармағы) ;

3) қылмыстық заң тыйым салған әрекетті есі кіресілі-шығасылы жағдайда жасаған адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 9-тармағы);

4) әрекет жасаған кезде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 10-тармағы) ;

5) қайтыс болған адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 11-тармағы);

6) ҚР ҚК ережелеріне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатуға жататын адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабы 1-бөлігінің 7-тармағы);

7) ҚР ҚК 67-бабында және ҚР ҚІЖК 38-бабының 1-тармағында көзделген, сондай-ақ басқа да ақталмаған негіздер бойынша жәбірленушінің күдікті немесе айыпталушымен татуласқан жағдайда.

48. Қылмыс өндірістегі, бұрын тоқтатылған қылмыстық істер бойынша өндірістің қайта қозғалуы кезіндегі немесе прокурордың қылмыстық істің күшін жоюы кезіндегі қылмыстылық туралы есептер қатарындағы есепке алуға жатады.

49. Карточканы толтыру кезінде бір қылмыс ретінде не есептелетініне сүйену қажет (бір қылмыстық іс қозғалады және анықталған қылмыс үшін бір карточка жіберіледі) :

1) бірнеше адамдардың қатысуымен қосылып жасалған кез-келген нысандағы қылмыстар (ҚР ҚІЖК 31-бабы) ;

2) бір немесе бірнеше адамға зиян келтіретін іс-әрекет (мысалы: түрлі адамдарға тиесілі бір орыннан заттарды тонау; бір табыннан әр түрлі иелері бар бірнеше бас малды ұрлау) ;

3) ұзартылған қылмыс (мысалы, қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді, жарылғыш және есірткі заттарды заңсыз алу, сақтау, беру, өткізу және тасу; алаяқтық; қорқытып алу) ;

4) созылмалы қылмыс (мысалы, азаптау);

5) әрқайсысы елеусіз болып табылатын біртекті әрекетте жасалған, алайда

жинақталған кезде қоғамға елеулі қауіп төндіретін және жалпы бір қылмыс ретінде сипатталатын біртекті қылмыстарды жүйелі түрде жасау (мысалы: бір уақыт кезеңі ішінде қасақана бір үйден электр есептерін ұрлау);

б) бір әрекетпен орындалған әр түрлі қылмыстарды жасау. Сонымен қатар, неғұрлым ауыр қылмыс түрлері есепке алуға жатады (мысалы, зорлау арқылы соз ауруларын тарату, зорлау белгілері бойынша ғана есептелінеді);

7) негізгі қылмысты жасау әдісі болып келетін жинақталған әрекеттің бөлігі (мысалы, айыпталушыға сеніп тапсырылған бөтен мүлікті қызметтік жағдайын пайдалана отырып, өзіне иемдену немесе шығындау, бұл жерде қызметтік жағдайын қолдану, ұрлау тәсілі болып табылады). Керісінше қызметтік жағдайын теріс пайдалану өзіндік әрекет туғызады және негізгі актіні жүзеге асырушы зат болып табылмаса, бөлек акция ретінде есептелінеді;

8) әр түрлі қылмыс құрамының элементтері бар, бірақ бір қылмыс болып сараланатын қылмыс (мысалы, жәбірленушіге қатысты зорлық көрсету арқылы билігін асыра қолдану, билік өкіліне қарсылық көрсетуге байланысты қасақана б ұ з а қ ы л ы қ) ;

9) түрлі объектілерге қол сұғатын, алайда заң жүзінде бір қылмысты құрайтын әрекет (мысалы, қол сұғушылыққа жәбірленушінің өмірі, денсаулығы, жеке иелігі душар болатын, алайда жиынтық бойынша тек бір ғана қылмыстық актіні құрайтын қарақшылық,);

10) эпизод санына тәуелсіз азғындық іс-әрекеттер еркек пен еркектің жыныс қатынасы және басқа да іспеттес актілер. Топтық қылмыс жасауда қаскөйлік ниеттің болмауына байланысты, осы актідегі әрбір жаңа әрекеттікті өзіндік қылмыс ретінде есептеу керек;

11) ҚР ҚК әр түрлі баптары бойынша сараланатын өзіндік әрекеттерді бір уақытта жасаған жағдайда (мінсіз жиынтық).

50. Қылмыстық істі прокурор қозғаған кезде 1.0 нысанды карточкадағы 1-деректемеге осы істі тергеу үшін алған органның, 2-деректемеде осы істі тергеуге алған қызмет атауы енгізіледі, 10-деректемеде прокурор «01» кодын белгілейді.

Прокурор әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау бағыты бойынша қылмыстық іс қозғаған жағдайда 10.1 деректемесінде «10» коды белгіленеді.

51. Мынадай кездерде екі немесе бірнеше қылмыс болып есептеледі (екі немесе бірнеше қылмыстық іс қозғалады және оларға сәйкес карточкалар қойылады) :

1) ҚР ҚК түрлі баптары бойынша сараланатын өзіндік әрекеттердің бір мезгілде жасалуы жағдайында (мысалы, үйді өртеу арқылы жасалған адам өлтіру немесе зорлау, содан соң жәбірленушіні тонау);

2) ұқсас, қаскөйлік ниетке байланысты емес, әр уақытта жасалған әрекеттер (

мысалы, бірнеше рет жасалған ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алушылық)

52. Қылмыс қатарына ҚР ҚК көздеген қандай да бір әрекет белгілері үстірт камтылған әрекет немесе әрекетсіздік, алайда қоғамға қауіп төндірмейтін елеусіздігіне қатысты, яғни тұлғаға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтірмейтін және қауіп төндірмейтін қылмыстар есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 9 - б а б ы н ы ң 2 - б ө л і г і) .

53. 1.0 нысанды карточканың 19-деректемесіндегі «әлеуметтік (21), ұлттық (22), рулық (23), нәсілдік (24), діни (25) араздықты тұтатуға байланысты» тармақтар ҚР ҚК тиісті баптарында қылмыстық жауапкершілік көзделген жағдайларда толтырылады.

54. 1.0 нысанды карточканы толтыру барысында қоғамдық орын - халықтың қолдануына, сонымен қатар көпшілік іс-шараларды, қызмет көрсетуді және азаматтардың демаласын өткізуге арналған қала шегіндегі немесе сыртандағы және елді-мекендердегі арнайы жабдықталған жалпы қолдану орындары.

55. Қоғамдық орындарға:

- 1) білім беру және демалыс ұйымдары;
- 2) денсаулық сақтау ұйымдары;
- 3) қоғамдық тамақтану орындары;

4) кинотеатрлар, театрлар, цирктер, концерт, көру және көрме залдары, спорт ареналары және басқа да көпшіліктің демалуына арналған жабық ғимараттар, соның ішінде түнгі клубтар мен дискотекалар;

5) мұражайлар, кітапханалар және лекторийлер;

6) жергілікті және алысқа қатынайтын поездар, әуе, теңіз және өзен көлік-кемелері, қалалық, қалааралық автобустардың, маршруттық таксилердің және электрөкілігінің салондары;

7) әуежайлардың, темір жол, автомобиль және су вокзалдарының ғимараттары, теміржол вокзалдарының перрондары;

8) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ғимараттары;

9) жұмыс орны болып табылатын үй-жайлар;

10) үйлердің кіреберістері жатады.

56. Қоғамдық орындар:

үнемі (кез-келген уақытта ашық: көшелер, бұрылыстар, саябақтар, бульварлар, жағалаулар, алаңдар, вокзалдар, аулалар (жеке үйлер алаңдарынан басқ а)) ;

кезеңдік (белгіленген сағаттарда халыққа қызмет көрсету және демалуға арналған орындар: сауда орындары, білім және емдеу-сауықтыру мекемелері, демалу орындары, мәдениет, спорт мекемелері, қоғамдық көлік, сауда кәсіпорындары, жолаушы поездарының вагондары (тамбурлардан басқа),

сонымен қатар түнгі уақыттағы мейрамхана-вагон, жолаушылар купесі және дәретхана) болып бөлінеді.

57. Қоғамдық орындарда жасалған деп есептелетін қылмыстардың жалпы санынан әсіресе көшеде жасалған қылмыстар: яғни әлеуметтік жоспарда құрылған орындарда: көшелерде, алаңдарда, бульварларда, жағалауларда, көпірлерде, бұрылыстарда, қоршалмаған аулаларда (жеке меншіктерден басқа), тұрғын массивтерде, қала (елді мекен) шектеріндегі орман саябақ аймақтарында, саябақтарда, демалу орындарында, базарларда, стадиондарда олардың жұмыс істеп тұрған кездерінде жасалуы көзге түседі.

58. Төмендегі қылмыстар қоғамдық орындарда немесе көшелерде жасалынған қылмыстар есебіне саналмайды:

1) қоғамдық орын объектілері өз қызметін орындамай тұрған кезеңде қылмыс жасау кезінде;

2) жұмыс үшін еңбек ететін ұжым қолданатын жіберу тәртібі объектілерінде және күзетіліп тұрған автотұрақтарда;

2.1) қосалқы орындарда, ұйымдардың, мекемелердің, сауда және көңіл көтеру ғимараттарының гардеробтарында, соның ішінде оқу және басқа да мекемелердің киім ілетін бөлмелерінде жасалған қылмыстар; 2.2) таксиде жасалған қылмыстар;

2.3) қоршауының болуына қарамастан қараусыз қалған ғимараттардың аумағында, жер асты коммуникацияларында, жерлердегі құрылысы бітпеген телімдерде – бос қалған жерде, жағалаудағы көшелер мен жағажайды қоспағанда өзен жағасында, қандай да бір инфрақұрылымсыз автожол телімінде жасалған қылмыстар;

3) пәтерлерді тонау және басқа да жатақханаларда, қонақ үйлерде, білім және емдеу-сауықтыру мекемелерінде, демалыс үйлерінде, жолаушылар болмаған жағдайларда екі аралықта жүрген жолаушы поездарының вагондарында, разъездерде, тұйықталған жерлерде қашықтағы парктерде жасалған қылмыстар;

4) Жалпы қолдану орындарында – коммуналды пәтерлерде, шатырдың астында, жертөлелерде, лифтілерде бұзақылықтарды қоспағанда, жасалған қылмыстар;

5) созылмалы қылмыстар;

6) жол-көлік қылмыстары.

Аталған 21.1 деректемелерінің бірінің астын сызу қылмысты 1.0 нысанды карточканың 21 деректемесінде көзделген «қоғамдық орындарда жасалғандар» санатына кіргізуді растайды немесе алып тастайды.

59. Қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған қылмыстар ретінде бұрын есепке қойылғандар, егер тергеу барысында оларды жасау орны туралы нақты мәліметтер белгіленсе, осы Нұсқаулықтың 22-тармағында белгіленген тәртіпте түзетуге жатады.

Бұл ретте аталған түзету бұрынғы есептік кезеңдегі есептіліктің бұрмалануына алып келетін түзету ретінде қаралмайды және оған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының есептерді түзету жөніндегі белгіленген бұйрықтарының талаптары қолданылмайды.

60. Соттан анықтау немесе алдын-ала тергеу жүргізу үшін жеке айыптау ісі келіп түсу кезеңінде, 1.0 нысанды карточканың 1-деректемесінде осы істі тергеу үшін қабылдаған органның атауы белгіленеді, 2 және 10 деректемелерде тиісті қызмет белгіленеді, ал 10.1 деректемеде – «ҚР ҚІЖК 394 бабының 3-бөлігі 1-тармағы бойынша келіп түскен жеке айыптау ісі бойынша» 06 коды қойылады. Одан басқа, көрсетілген іске осы органның кезекті қылмыстық іс нөмірі қ о й ы л а д ы .

61. 1.0 нысанды карточкаға осы Нұсқаулықтың 37-тармағы 1) тармақшасында көзделген жағдайда, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға және қылмыстық қудалау органының бастығы уәкілетті органға қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесін ұсына отырып, қол қояды.

Қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда уәкілетті орган қылмыстық іске берілген нөмірді көрсетеді және оның келесі жағына карточканың ұсынылуын растайтын мөртабан қояды. Осы қаулының көшірмесін қылмыстық қудалау органы жиырма төрт сағаттың ішінде қадағалаушы прокурорға жолдайды.

Прокурор қылмыстық іс қозғаған жағдайда 1.0 нысанды карточкаға қадағалауды жүзеге асырушы прокурор қол қояды.

Осы Нұсқаулықтың 37-тармағында көзделген басқа жағдайларда № 1.0 нысанды карточкаға қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға қол қояды.

7. 1.1 нысанды карточканың қойылуы

62. 1.1 нысанды карточкалардың тағайындалуы тергеу және анықтау органдарының сотқа дейінгі іс жүргізуінің нәтижелерін бейнелеуден құралады. Қылмыстық істің әрбір эпизоды бойынша тергеуді және анықтауды жүзеге асырушы субъектілердің лауазымды тұлғалары келесі шешімдерді қабылдау к е з і н д е :

1) айыптау қорытындысымен, айыптау хаттамасымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жолдау туралы қаулысымен прокурорға жолдау туралы;

2) іс бойынша өндірістің қысқартылуы туралы;

3) іс бойынша өндірістің тоқтатылуы туралы;

4) тергеуде болуы бойынша беру туралы;

5) істердің бірігуі туралы;

6) алдында біріктірілгендерден бөліу туралы (біріктірілген істердің бөлінуі);

7) іс бойынша өндірістің жаңартылуы, соның ішінде тоқтату, қысқарту туралы қаулының күшін прокурор жойғаннан кейін;

8) қайта саралау туралы;

9) қосымша тергеуге қайтарылғаннан кейін қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы;

10) тергеу мерзімін ұзарту кезінде;

11) Қазақстан Республикасы шегінде тергеуде болуы немесе аумақтылығы бойынша берілген қылмыстық істі қабылдау кезінде;

12) ҚР ҚІЖК 376-бабының 4-бөлігі тәртібінде соттан қайтарылған істі қабылдау кезінде;

13) ҚР ҚІЖК 288-бабының 1, 2-бөліктері немесе ҚР ҚР ҚІЖК 289-бабының 2-бөлігі тәртібінде анықтау ісі бойынша тергеу тағайындау кезінде;

14) арыз бойынша істің сотта (прокуратурада) болу мерзімінің қайта қалпына келтіруінің аяқталуы кезінде немесе айыпталушы және оның қорғаушысының бір-бірімен танысуының аяқталуы кезінде қояды.

63. 1.1 нысанды карточканы толтыру кезінде «отбасы-тұрмыстық қылмыс» түсінігі деп тіркелген іс жүзіндегі неке-отбасы немесе басқа да туыстық қарым-қатынаста бірге тұрып жатқан адамдар арасындағы жанжал нәтижесінде жасалған, адам өміріне, денсаулығына, ар-намысына, қадір-қасиеті мен бостандығына қауіп төндіретін қасақана немесе абайсызда, сонымен қатар көршілер арасындағы ұзақ уақыттан бергі жанжал нәтижесінде жасалған қылмыстар түсіндіріледі.

64. ҚР ҚІЖК 197-бабының 1-бөлігі 12-тармағы тәртібінде тергеуде болуды прокурор өзгерткен жағдайда және олардың 3.0. нысанды карточканы осы іс өндірісте жатқан органға қою кезеңінде тергеуде болу бойынша беру туралы 1.1. нысанды, ал алған қабылдаған орган – қылмыстық істі өндіріске қабылдау туралы карточканы қояды.

65. Жаңа айыптау қорытындысын құрастыру үшін қылмыстық істі прокурор қайтарған кезде, істі өндіріске қабылдау туралы 1.1 нысанды карточка қойылмайды, алайда осы істі прокурорға ҚР ҚР ҚІЖК 280,287,514 баптарының тәртібінде қайталап жолдау кезінде 1.1 нысанды карточка қайталанып қойылады. Сонымен қатар, тергеу мерзіміне прокурордың 3.0 нысанды карточканы қою уақытының мерзімі 1.1 нысанды карточканың қайталап қойылуына дейінгі мерзім ескеріледі.

66. 1.1 нысанды карточка алдын-ала тергеу мерзімін ұзарту туралы, біріктіру, тергеуде болу (соттылығы) бойынша беру, қайта саралау туралы қаулыны енгізу кезінде қойылады және келісім берілген жағдайда прокурор қол қояды.

67. Тергеуші, анықтаушы қылмыстық істі қозғау кезінде қылмыстық әрекеттерді дұрыс сараламаған жағдайда және прокурор қайта саралау туралы

тапсырма берген кезде субъект 1.1 нысанын қояды.

68. Прокурор қылмыстық істі қозғау туралы немесе материалдарды қосымша тексеруге жолдау туралы қаулының күшін жою жөнінде шешім шығарғаннан кейін, қылмыстық қудалау органы қайтадан қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдаған кезде іске жаңа нөмір тағылады.

69. Егер қылмыстық істі қысқарта отырып қылмыстық іс қозғау туралы қаулының күшін жойғаннан кейін (ҚР ҚІЖК 190-бабы, 3-тармағы) сол бап, сол дерек бойынша қайтадан қылмыстық іс қозғалса, қылмыстық іске жаңа нөмір беріледі.

70. Қылмыстық істің жасалған орны бойынша қылмыстық іс Қазақстан Республикасының басқа облысына жолданған жағдайда немесе қылмыстық іс тергеуде болуы бойынша субъектіге (тергеу, анықтау) берілген болса, қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға уәкілетті органға тергеуде болуы бойынша қылмыстық істі беру туралы 1.1 нысанды карточканы қояды. Басқарма 1.1 нысанды карточканың көшірмесін 24 сағат ішінде қылмыстық істі жолдаған Басқармаға жолдайды.

Өндірісіне қылмыстық іс келіп түскен субъектінің лауазымды тұлғасы ҚР ҚІЖК 193-бабы 1-бөлімі тәртібінде келіп түскен қылмыстық істің өндіріске қабылданғаны туралы 1.1 нысанды карточканы қояды. Көрсетілген карточканың көшірмесін уәкілетті орган қылмыстық іс келіп түскен Басқармаға жолдайды.

71. 1.1 нысанды карточканың 9-деректемесі міндетті түрде толтыруға жатады. Қылмыс жасаған адамның жағдайын белгілейтін код қылмыстың мас күйінде жасалғаны туралы айыптау қорытындысы және куәландыратын көрсеткішдер мазмұнының негізінде, сонымен қатар қылмыстық іс материалында адамның қылмыстық істі жасау кезіндегі алкогольдік ішімдікпен мас болуы, есірткі не улағыш заттармен қозуы туралы медициналық куәландыру актілері болған кезде белгіленеді.

72. Соттылықтың болуын көрсететін деректемеде соттылығы өтелмеген және алынбаған адамдар көрсетіледі. Он сегіз жасқа дейінгі жасаған қылмыстары үшін сотталған (қайталап қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардан басқа), сонымен қатар соттылығы алынған немесе өтелген адамдар бұл бөлімдегі есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 13-бабы 4-бөлігі).

73. ҚР ҚІЖК 50-бабы 1-бөлігі 5-тармағы бойынша қылмыстық істі тоқтату кезінде 1.1 нысанды карточканың «іздеудегі туралы мәлімет 10.2» деректемесі міндетті толтыруға жатады («Іздестіру ісінің нөмірін» қоспағанда).

74. Қылмыстық істі тергеудегі жалпы мерзімнен істің айыпталушы мен оның қорғаушысының таныстырылуында болу мерзімі немесе арыз бойынша сотта немесе прокуратурада болу мерзімі алынып тасталып, 1.1 нысанды карточканың 14, 14.1 деректемелерінде белгіленеді.

75. Қылмыс оқиғасының анықталмауына немесе қылмыс құрамының болмауына байланысты сотталушының қылмыстары жөніндегі істері бойынша сот шығарған ақтау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін деректер базасында т ү з е т у жү р г і з і л е д і .

Түзету топтасқан қылмыс бойынша бір адамға ғана қатысты емес, сондай-ақ ақтау негіздері бойынша қайта саралау, қысқарту не ақтау толығымен эпизод бойынша болған жағдайда, тиісті эпизодтар бойынша барлық адамға қатысты қылмыстық істі сот ақтау негіздері бойынша қысқартқан және қылмыстарды қайта саралаған жағдайларда жүргізіледі.

76. Адамның қылмыс жасауына айыпталушының қатысуы дәлелденбегендіктен, айыпталушы ретінде қатыстыруға жататын адам белгіленбегендіктен ақтау үкімдері шығарылған қылмыстар бойынша, істер бойынша істі өндіріске қабылдаған субъект ашылған қылмыстар санынан алып тастай отырып, ашылмаған қылмысқа 1.1 нысанды карточканы қояды.

77. 1.1 нысанды карточкаға түскен күні қылмыстық қудалауды жүзеге асырушы тұлға және прокурор дереу қол қояды.

8. 2.0 нысанды карточканың қойылуы

78. 2.0 нысанды карточка қылмыстық іс өндіріспен қысқартылған, ҚР ҚК 50-бабы 1-бөлігі 2 және 5-тармақтары бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы шешім бойынша, қылмыстық қудалау органы ҚІЖК 280, 287, 190-3 баптары және 514-баптың 1-бөлігі 2-тармағы тәртібінде прокурорға жолдаған адамға қатысты және прокурор ҚР ҚІЖК 284, 289 баптарының, 514-бабының 5-бөлігі 1-тармағы тәртібінде адамды сотқа беру туралы шешім қабылдаған кезде, сондай-ақ жеке айыптау істері бойынша қойылады.

Сот органдары жеке айыптау істері бойынша 2.0 нысанында 1, 3, 4, 6, 10, 10.1, 10.2, 11-16, 16.1, 17 – 22, 25, 25.1, 26, 26.1, 30, 32-34, 34.1, 35-42, 43.1, 43.2, 43.3 (3) кодын және 46 деректемелерді толтырады.

Сонымен қатар, қылмыстық істі қысқарту кезінде 2.0 нысанды карточка егер тұлға ҚР ҚІЖК 132-бабының тәртібімен ұсталған болса немесе осы адамға қатысты тыйым салу шарасы таңдалса не осы тұлғаға айып тағылған жағдайда қысқарту негізіне қарамастан жіберу үшін міндетті екенін атап өту қажет. Егер адам ҚР ҚІЖК 132-бабы тәртібінде ұсталмаса не (және) осы адамға қатысты тыйым салу шарасы таңдалмаса не (және) осы адамға айып тағылмаса және қылмыстық іс ақтау негіздері бойынша қысқартылған жағдайда 2.0 нысанды к а р т о ч к а қ о й ы л м а й д ы .

79. Қылмыстық істер қосылған жағдайда 2.0 нысанды карточка қылмыс жасаған әрбір адамға міндетті түрде карточкада негізгі қылмыстық іс нөмірін

белгілей

отырып

қойылады.

Одан басқа, карточка ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған адамға қатысты келесі негіздер бойынша қойылады:

1) рақымшылық ету актісі нәтижесінде, егер ол жасаған әрекет үшін жаза қолдануды жойса (ҚР ҚІЖК 37 бабының 1-бөлігі 3-тармағы);

2) мерзімінің ескіруіне байланысты (ҚР ҚІЖК 37 бабының 1-бөлігі 4-тармағы)

3) жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуы кезінде – ҚР ҚІЖК 33-бабының 2-бөлігінде (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі 6-тармағы) көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚР ҚІЖК 33-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша;

4) медициналық сипатта мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін қылмыстық істі қозғау қажет болған жағдайдан басқа, есі дұрыс еместік жағдайда қылмыстық заң тыйым салған әрекетті жасаған тұлғаға қатысты (ҚР ҚІЖК 37 бабының 1-бөлігі 9-тармағы);

5) әрекет жасау сәтінде заңға сәйкес қылмыстық жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаған адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37 бабының 1-бөлігі 10-тармағы);

6) қайтыс болған адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37 бабының 1-бөлігі 11-тармағы);

7) ҚР ҚК 67-бабы 1-бөлігі ережелерінің күшіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты (ҚР ҚІЖК 37-бабының 1-бөлігі 12-тармағы);

8) ҚР ҚК 67-бабы 2-4 бөліктерінде көзделген жағдайда жәбірленушінің сезіктімен немесе айыпталушымен ымыраласуына байланысты, сондай-ақ көзделген ақталмайтын өзге де негіздер бойынша (ҚР ҚІЖК 38-бабының 1-бөлігі)

Қосымша тексеруге жолдай отырып не қылмыстық істі қозғай отырып қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойған кезде карточканың 6-деректемесінде «алып тасталсын» белгісі қойылады (2).

80. 2.0 нысанды карточканы істің айыптау қорытындысымен прокурорға жолдау кезінде тергеу органы әрбір адамға толтырады. 43-деректемедегі толтырылған «00» белгісі бар 2.0 нысанды карточкаға қол қойылып, 1.1 нысанды карточкамен Басқармаға прокурор арқылы жолданады. Прокурор істің қозғалуы және әрбір адамға қатысты (сотқа берілуі немесе тоқтатылуы) өз шешімін басшылыққа ала отырып 2.0 нысанды карточканың сәйкес деректемелерін белгілейді және 3.0 нысанды карточкамен бірге оларға қол қояды, содан соң олар карточканы Басқармаға береді.

81. Қылмыстық істі тергеу органының өзі қысқартқан жағдайда 2.0 нысанды

карточкада 43-деректемені осы орган толтырады және прокурор қол қойғаннан соң **Б а с қ а р м а ғ а** ж о л д а н а д ы .

2.0 нысанды карточканы толтыру кезінде адамның жасы, айналысатын жұмысы, лауазымы және білімі туралы деректер қылмыс жасаған сәтінде толтырылатынын ескеру қажет; жасы қанша жасқа толғаны бойынша есептелінеді, айналысатын қызметтері туралы мәліметтерді бейнелеу кезінде:

а) жұмысшыларға – материалдық құндылықтарды құру процесіне тікелей айналысатындар, кіші қызмет етуші персоналды (сатушылар официанттар, аула сыпырушылар, аула жинаушылар);

б) мемлекеттік қызметшілерге – мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды;

в) әскери қызметшілерге – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметіндегі, басқа да әскерлердегі және әскери құрылымдардағы тұлғаларды ж а т қ ы з у қ а ж е т .

Лауазым туралы деректерді толтыру кезінде мемлекеттік органдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік міндеттерді орындауға уәкілетті тұлғаларға мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес (ескерту ҚР ҚК 307-бабы) лауазымды адамдар, Парламент пен мәслихат депутаттары, судьялар және барлық мемлекеттік қызметкерлер ж а т а т ы н ы н е с к е р у қ а ж е т .

Коммерциялық немесе басқа да ұйымдарда басқару функцияларын орындаушы тұлғалар ретінде мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе мемлекеттің үлесі отыз бес пайыздан кем емес ұйым болып табылмайтын тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-әкімшілік не әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқаратын адам деп коммерциялық немесе өзге ұйымдарда басқару қызметтерін атқаратын адам танылады. (ҚР ҚК 228-бабының ескертуі).

82. Білім туралы мәліметтерін толтыру кезінде келесіні ескеру қажет:

а) жоғарғы білім – жоғарғы оқу орындарын аяқтаған адамдар;

б) орта-кәсіптік – орта-кәсіптік оқу орындарын аяқтаған адамдар (училище, к о л л е д ж) ;

в) орта – 11 (12) жыл орта білім беру орындарын аяқтаған адамдар, 1989 жылға дейін – 10 жыл ;

в) толық емес орта – тоғыз жылдық мектепті аяқтаған адамдар, 1989 жылға дейін – сегіз жылдық мектепті, 1962 жылға дейін – жеті жылдық мектепті а я қ т а ғ а н а д а м д а р ;

г) білімсіздер – толық емес орта білімі жоқ адамдар.

83. 2.0 нысанды карточканың 32-деректемесінде айыптау қорытындысының мазмұны негізінде тұлғаның мас күйінде (алкогольдік немесе есірткілік) қылмыс жасағаны туралы, ал куәландыру көрсеткіштері ісінің не медициналық

куәландыру актісінің негізінде қысқартылған қылмыстық істер бойынша сәйкес
к о д т а р б е л г і л е н е д і .

«Бұрын қылмыс жасаған адам ретінде» бөлімінде бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдар есепке алынады. Он сегіз жасқа дейін қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар (кәмелетке толмағандардың қайталанған қылмыс жасағанынан басқа), сондай-ақ соттылығы алынып тасталған немесе жойылғандар осы бөлімге есепке алуға жатпайды (ҚР ҚК 13-бабының 4-бөлігі). Бұл мәліметтер келесі бөлімде 42-деректемеде бейнеленеді.

84. 2.0 нысанды карточканы өндірісінде қылмыстық іс, бас тарту материалы бар субъектінің лауазымды тұлғасы және қадағалаушы прокурор түскен күні толтырады және қол қояды.

9. 2.1 нысанды карточканың қойылуы

85. 2.1 нысанды карточканың қойылуы айып тағылған тұлғаларды, қылмыс жасау бойынша сезікті ретінде ұсталғандарды қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу қызметі барысында есепке алуды қамтамасыз етумен, тыйым салуды таңдау және өзгертумен қ о р ы т ы н д ы л а н а д ы .

86. 2.1 нысанды карточка айып тағу, ҚР ҚІЖК 132-бабы тәртібімен ұстау, тұтқындау өндірісі туралы қолдаухатты прокурорға жолдау (ҚР ҚІЖК 132-бабы тәртібімен ұсталған адамның үйде қамап ұсталуы, босатылуы, тыйым салу шарасын таңдау немесе өзгерту, тұтқындауға (үйде қамап ұстауға) жоғары тұрған прокурорға санкция беру туралы қылмыстық қудалау органының қолдаухатын қолдаудан бас тарту туралы қаулыға шағымды жолдау) туралы қаулы шығарған субъектінің лауазымды тұлғасы қояды.

87. Тұтқынға алу (үйде қамап ұстау) туралы қолдаухатты қолдаудан бас тарту кезінде, 2.1 нысанды карточканы қою кезінде 15-тен бастап 15.3-ке дейінгі деректемелер міндетті түрде толтырылады.

88. Сезіктіге қатысты тыйым салу шараларын таңдау кезінде 2.1 нысанды карточканың 15, 15.2, 15.3 деректемелері міндетті түрде толтырылуы керек.

89. 2.1 нысанды карточкаға субъектінің лауазымды тұлғасы және қадағалаушы прокурор қол қояды.

2.1 нысанды бір карточкада бірнеше шешімдер көрсетілуі мүмкін, алайда, егер айып тағу күні шешім шығару күнімен сәйкес келсе, ондай жағдайда айып тағуға бөлек 2.1 нысанды карточка қойылуы керек.

10. 2.2 нысанды карточканың қойылуы

90. 2.2 нысанды карточканы қою тұтқындаудың, үйде қамап ұстаудың бұлтартпау шарасы таңдалған, тұтқындау, үйде қамап ұстау мерзімі ұзартылған, тұтқындаудың, үйде қамап ұстаудың күші жойылған, өзгертілген, бас тартылған сот санкциялары шағымдалған және наразылық білдірілген адамдарға қатысты есепке алуды қамтамасыз етумен тұжырымдалады.

91. 2.2 нысанды карточканы қоюға бұлтартпау шарасын таңдау, тұтқындаудың (үйде қамап ұстаудың) мерзімін ұзарту, тұтқындаудың (үйде қамап ұстаудың) бұлтартпау шараларының күшін жою, өзгерту, бас тарту туралы ҚР ҚІЖК баптарына сәйкес шығарылған қаулы (қолдаухат), ҚР ҚІЖК 109, 110-баптары тәртібінде шығарылған шағым не наразылық, сондай-ақ шығарылған сот қаулысы, яғни оның нәтижесі негіз болады. Көрсетілген карточка сонымен қатар прокуратура органдарының аумақтық бөлімшелерінің тиісті журналдарында көрсетуге жатады.

92. 2.2 нысанды карточканы сот тиісті қолдаухаттарды қарағаннан кейін 24 сағат ішінде іс материалдарына сәйкес қылмыстық істің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурор қояды және оған қол қояды.

93. 2.2 нысанды карточканы толтырған кезде жасы, қызмет түрі қылмыс жасау уақытына көрсетілетінін, жасы толған жасының саны бойынша есепке алынатынын назарға алу қажет.

94. «Қызмет түрі» деректемесі егер қолдаухаты қозғалып жатқан адам Парламент депутаты, Конституциялық кеңес мүшесі, судья және мүгедек болса міндетті толтыруға жатады.

95. Сот қолдаухатты қанағаттандырған жағдайда «Нәтиже» алаңындағы «Бұлтартпау шарасы таңдалды, соның ішінде қолдаухатты қанағаттандырудан бас тарту кезінде» және «Тұтқындау (үйде қамап ұстау) бұлтартпау шарасын таңдау негіздері» деректемелері толтырылуы міндетті.

96. Сот қолдаухатты қанағаттандырудан, соның ішінде прокурордың бастамасымен бас тартқан кезде, сонымен қатар «ҚР ҚІЖК 154-бабы тәртібіндегі қолдаухат» деректемесін толтырған кезде «Бұлтартпау шарасы таңдалды, соның ішінде қолдаухатты қанағаттандырудан бас тарту кезінде» деректемесін толтыруға міндетті.

97. Тұтқындау (үйде қамап ұстау) мерзімін ұзарту туралы ұстанымның «Материал түрі» деректемесін толтырған кезде «тұтқындау мерзімі ____ дейін ұзартылған» деректемесіндегі «Қарау нәтижесі» алаңы міндетті толтыруға жатады.

98. 2.2 нысанды карточка шешім шығарылған әр адамға жеке қойылады және оған қадағалаушы прокурор қол қояды.

11. 3.0 нысанды карточканың қойылуы

99. 3.0 нысанды карточка қылмыстық іс бойынша әрбір қылмысқа бөлек қойылады және прокурордың тергеу және анықтау заңдылықтарын қамтамасыз етудегі жұмысын бейнелейді.

100. Қылмыстық ісі өндірісінде жатқан адам (тергеуші, анықтаушы, арнайы прокурор) 3.0 нысанды карточканың 1-деректемесінен 3-деректемесіне дейін толтырады және оны ҚР ҚІЖК 280, 287-баптарының және ҚР ҚІЖК 514-бабының 1-бөлігі 2-тармағы тәртібінде прокурорға жолданатын қылмыстық іске қосады. Біріктірілген (көп эпизодты) қылмыстық істерден әрбір қылмыс бойынша оларға қылмыстық істің өзіндік нөмірімен бөлек карточка қосады.

101. Қылмыстық істі зерделеу және шешім қабылдау нәтижесі бойынша прокурор қосылған 3.0 нысанды карточкаға қалған деректемелерді толтырып, оны уәкілетті органға жолдайды.

102. Прокурорлар қосымша тергеуге қайтарған істер бойынша олар қайтарған күні 3.0 нысанды карточканы қояды. Сот қосымша тергеуге қайтарған іс бойынша 3.0 нысанды карточка істің қосымша тергеуге жолдануы туралы шешім заңды күшіне енген кезінде қылмыстық іс прокуратураға келіп түскеннен кейін ғана қойылады.

Бұл ретте, сот ашылғандар қатарынан істерін қосымша тергеуге жолдаған қылмыстар алынып тасталады.

Одан басқа, 3.0 нысанды карточка прокурор материалдарды қосымша тексеруге жолдау арқылы қылмыстық істі қозғау туралы қаулылардың күшін жойған жағдайда жіберіледі.

103. Сот сотталушының қылмыс жасауға оның қатысуының дәлелденбегендігін толық немесе ішінара ақтағанда және қылмыстық істі шара қолданылуы үшін прокурорға жолдаған жағдайда айыпталушы ретінде (ҚР ҚІЖК 376-бабының 4-бөлігі) жауапқа тартылатын адамды анықтау үшін прокурор Комитетке 3.0 нысанды карточканы сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап бір тәулік ішінде, айыптаудың әрбір алынып тасталған эпизодтары бойынша қылмысты (қылмыстарды) ашылғандар санынан алу үшін жолдайды.

104. Сот ҚР ҚІЖК 304-бабының 3-бөлігі тәртібінде қылмыстық істі прокурорға жолдау кезінде прокурор Комитетке «сот ҚР ҚІЖК 304-бабының 3-бөлігі тәртібінде прокурорға қайтарды» деректемесін белгілей отырып 3.0 нысанды карточканы қояды. Көрсетілген қылмыстар санаты 3.0 нысанды карточка негізінде бұрынғы ұқсас қабылданған шешімдерді есептемегенде, ашылғандар санынан алынып, ашылмаған қылмыстар қатарына қосылады. Егер іздеудегі адам ұсталып, іс қайта сотқа жолданса, істердің осы санаты үстіміздегі есептік кезеңде тіркелген істер үшін сотқа жолданғандар қатарында ескеріледі,

себебі сотқа жолдау туралы алғашқы шешім іздеуге тоқтау салуға өзгертілді.

105. Изделушінің ұсталуына байланысты прокурор істі сотқа жолдаған кезде, прокурор осы қылмысты ашылған ретінде есепке қосу мақсатында ҚР ҚІЖК тиісті бабын, «ҚР ҚІЖК 284, 289, 514 баптары тәртібінде сотқа жолданды» деректемесін көрсете отырып 3.0 нысанды карточканы қояды, бұл ретте № 3 нысанды есепте бұл прокурор сотқа қайта жолдаған қылмыс ретінде е с е п т е л м е й д і .

106. Сот қылмыстық істі қозғау қаулысының күшін жою туралы қаулыны шығарған жағдайда 3.0 нысанды карточка қылмыстық іс қозғау қаулысының күшін жою туралы қаулы болған кезде және ол заңды күшіне енген кезде қылмыстық іс прокуратураға келіп түскеннен кейін ғана қояды.

12. 1-Н нысанды карточканың қойылуы

107. 1-Н нысанды карточканы тағайындау заңсыз айналымнан алынған ЕЖП, есірткілік заттардан тұратын өсімдіктердің анықталған өсу алқаптары, заңсыз себу және тыңдыру (бұдан әрі – себу) туралы деректерді бейнелеумен, сондай-ақ оларды жою, сәйкес ұйымдарға (мекемелерге) ғылыми, өндірістік, емдік және басқа да мақсаттарда қолдану үшін берумен немесе қылмыстық істер, бас тарту материалдары, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдар, ұйғарымдар және басқа да актілер бойынша ЕЖП тергеуде болуы бойынша берумен (алумен) т ұ ж ы р ы м д а л а д ы .

108. 1-Н нысанды карточка Басқармаға ЕЖП заңсыз айналымнан алынған, есірткілік заттардан тұратын өсімдіктердің өсу және себу алқаптары анықталған жағдайда, сондай-ақ оларды жою, сондай-ақ ЕЖП тергеуде болуы бойынша субъектіге (тергеу, анықтау) беру кезінде, сонымен қатар салыстыру сараптамасын жүргізу кезінде оларды жойған немесе сәйкес ұйымдарға (мекемелерге) берген жағдайларда ұсынылады.

109. ЕЖП алынған жағдайда 1-Н нысанды карточка қылмыстық іс бойынша және бас тарту өндірісі бойынша сараптама қорытындысын алған сәттен бастап, бірақ келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей қойылады. Егер келесі жұмыс күні демалысқа не мереке күніне келсе, жұмыс күні ретінде одан кейінгі жұмыс күні е с е п т е л е д і .

1-Н нысанды карточка ЕЖП алынған жағдайда карточка келесі шешімдер негізінде қ о й ы л а д ы :

- 1) қылмыстық істің 1.0 нысанды карточкамен бір уақытта қозғалуы кезінде;
- 2) қылмыстық істі қозғаудан бас тарту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы құра отырып, әкімшілік іс жүргізуді қозғау туралы қаулы ш ы ғ а р у к е з і н д е ;

3) қылмыстық істі қозғаудан бас тарту кезінде, соның ішінде адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін негіз болмаған кезде.

Сонымен қатар, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы шешім бір материал бойынша қабылданған жағдайда, содан соң материалдар адамды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сотқа жолдаған жағдайда, ЕЖП алу жөніндегі карточка тек бас тарту материалы бойынша қойылады. ЕЖП жойылғаннан кейін, 1-Н нысанды карточка әкімшілік құқық бұзушылық туралы материал бойынша емес, бас тарту материалы бойынша жоюға қойылады. 3-деректемеде бас тарту материалы бойынша әкімшілік іс жүргізу күні мен нөмірі көрсетіледі.

110. 1-Н нысанды карточка сот үкімінің (қаулысының), қылмыстық істі қысқарту туралы немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулының негізінде ЕЖП жою туралы актінің құрылуымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы «Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық істер бойынша заттық дәлел болып табылатын есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды жою Ережесін бекіту туралы» № 1017 қаулысына сәйкес ЕЖП жою актісінің көшірмесімен бір мезгілде жоюға қойылады.

111. ЕЖП-ні көмуге, ғылыми, өндірістік емдік және басқа да мақсаттар үшін тиісті ұйымдаға (мекемелерге) берген жағдайда, 1-Н нысанды карточка қабылдау-беру актісінің құрылуымен қойылады.

112. ЕЖП субъектіге келесідей беру (қабылдау) жағдайында 1-Н нысанды карточка қойылады:

1) шығыс нөмірі мен беру күнін көрсете отырып, ЕЖП-ні тергеуде болуы бойынша субъектіге - қылмыстық істе тергеуде болуы бойынша субъектіге беру туралы 1.1 нысанды карточкамен бір уақытта беру кезінде;

2) кіріс нөмірі мен күнін көрсете отырып, ЕЖП-ні тергеуде болуы бойынша субъектіден - қылмыстық істе тергеуде болуы бойынша субъектіден алу туралы 1.1 нысанды карточкамен бір уақытта алу кезінде.

113. 1-Н нысанды карточка 16 деректемеден тұрады:

1) 1,2 деректемеде ЕЖП алған немесе себуді анықтаған не ЕЖП-ні, себуді, істің нөмірін жойған органның атауы толтырылады;

2) 3-деректемеде 1-Н нысанды карточкаларды қоюға себеп болған оқиғалар: ЕЖП (себуді) алу/анықтау, ЕЖП (себуді) жою, ЕЖП-ні ұйымдарға (мекемелерге) беру және субъектіге (тергеу, анықтау) тергеуде болуы бойынша беру (қабылдау) кезінде, 4-деректемеде осы оқиғалардың болған күні және орны белгіленеді;

3) Алынған ЕЖП олардың сақталуына арналған арнайы жабдықталған орындарға тапсырылады және деректері 5-деректемеде көрсетілетін (тәртіп нөмірлері және тіркелген күні) анықтау, тергеу және сот органдары алатын

Заттық айғақтарды, құжаттарды есепке алу кітабына тіркеледі, 5.1 деректемеде сарапшының қорытынды нөмірі және күні толтырылады.

4) 8-деректемеде түрлері, сандары, өлшеу бірліктері бойынша анықталған, алынған немесе жойылған ЕЖП (себу) туралы мәліметтер белгіленеді, олардың ішінен сараптамаға шығындалғандар саны (іске тіркелген ЕЖП қалдығы) көрсетіледі. Іске тіркелген ЕЖП қалдығы ҚР ҚІЖК 223-бабы 4-бөлігіне сәйкес ЕЖП жойылған жағдайда көрсетіледі.

8.1 деректемесінде есірткі дайындау мақсатында алынған прекурсорларды алу туралы мәліметтер толтырылады, 8.2 деректемесінде құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысындағы ЕЖП алу туралы мәліметтер белгіленеді.

5) 10-деректеме ЕЖП «бақылаудағы жеткізілім» әдісі бойынша алу кезінде белгіленеді.;

6) 12-15 деректемелерде ЕЖП заттардың түрі, тасу, жасыру тәсілдері, табылу орындары (себу, алаңдар) туралы мәліметтер белгіленеді;

7) 15.1 деректемеде ЕЖП алу кезінде субъект қылмыстық іздеу қызметінің итін қолданған болса, сол аталған субъектінің кинологиялық қызметі белгіленеді.;

8) 15.2.деректемесінде құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралар өткізу барысындағы кинологиялық қызметтері белгіленеді. Мысалы, құқық қорғау органдарының бірлескен жұмыс қорытындысында ішкі істер органдары ЕЖП алған жағдайда кедендік органның кинологиялық қызметі қолданылған болса, 15.2. деректемесінде Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (3) тармағы яғни, кеден органының кинологиялық қызметі белгіленеді.

9) 16.1 – 16.10 деректемелерде ЕЖП-ге байланысты қылмыс және құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы мәліметтер белгіленеді.

114. 1-Н нысанды карточканы ЕЖП алынған, себу жерлері және алаңдары анықталған жағдайларда:

1) қылмыстық істі қозғау туралы қаулы шығарған тұлға және прокурор;
2) қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарған тұлға және прокурор;

3) әкімшіліктік құқық бұзушылық туралы хаттама (материалды) құрған тұлға және прокурор толтырады және қол қояды.

115. 1-Н нысанды карточка ЕЖП себу жерлерін немесе алаңдарын жойған жағдайда оны:

1) қылмыстық іс, бас тарту материалы, әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы материалдар өндірісінде болған тұлға және прокурор;
2) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктердің өсу алаңдарын жою туралы

ұйғарым (басқа актілер) шығарған тұлға және прокурор толтырады және қол қояды .

116. ЕЖП көмуге, тиісті ұйымдарға (мекемелерге) ғылыми, өндірістік, емдік және басқа да мақсаттарда қолдану үшін берілген жағдайда 1-Н нысанды карточка қылмыстық іс, бас тарту материалы, әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы материалдар өндірісінде болған тұлғалар және прокурор толтырады және қол қояды .

117. Субъектіге ЕЖП берген (алған) жағдайда 1-Н нысанды карточкаға қылмыстық іс, бас тарту материалы, әкімшіліктік құқық бұзушылықтар туралы материалдар өндірісінде болған тұлға және прокурор толтырады және қол қояды.

13. Қылмыстардың ашылуы

Ескерту. 13-бөлім алынып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 2012.01.30 № 8 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Журналдарды, карточкаларды жүргізу тәртібіне және олардың қолданылуын бақылауға қойылатын талаптар

121. Субъектілер қылмыстарды, олардың субъектілерін, қылмыстық істерді, ҚР ҚІЖК 132-бабы тәртібінде ұсталғандарды, тұтқынға алынған және сотталған адамдарды, карточкаларды және журналдарды жүргізуді бірыңғай есепке алуға ұсынылған осы Нұсқаулық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

122. Карточкаларға қол қойған тұлғалар олардың дұрыстығын, толықтығын және уақтылы қойылып, Комитетке ұсынылуын қамтамасыз етеді.

123. Іс бойынша сотқа жолданған карточкалар бір жыл сақталады.

124. Ашылмаған қылмыстар бойынша карточкалар (қылмыстық істер ҚР ҚІЖК 50-бабының 1,2,3,4,5,6,7,8,9 тармақтары бойынша тоқтатылған) қылмыстың ашылуына және істің сотқа жолдануына дейін немесе қылмыстық істің қысқартылуына дейін сақталады.

125. Қысқартылған қылмыстық істер бойынша карточкалар 5 жыл сақталады.

126. ЗС-1 нысанды, сондай-ақ ЗС-2, 1-Н нысанды бас тарту материалдары бойынша, 1-Н нысанды әкімшіліктік материалдар бойынша барлық карточкалар 1 жыл бойы сақталады .

127. Комитет карточкаларды құрудың толықтығы мен сапасына, оларда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығына және оларды ұсынудың уақтылы болуына бақылауды жүзеге асырады, ал қажет жағдайда субъектілерге практикалық көмек көрсетеді.

128. Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулы шығарылған материалдарды есепке алу журналы аудандық, қалалық, облыстық және оларға

теңестірілген субъектілердің мекемелеріне жатады.

Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы қылмыстық іс қозғаудан бас тарту материалын тіркегеннен кейін, материалды сәйкес карточканы қоя отырып, қабылдаған шешімнің негізділігін айқындау үшін қадағалаушы прокурорға жолдайды.

ЖКО деректері бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының көшірмесін әкімшілік хаттаманы құру үшін және материалды сотқа жолдау үшін, қадағалаушы прокурорға тиісті құжаттардың көшірмелерін жібере отырып жиырма төрт сағаттың ішінде жол полициясы бөлімшесіне жолдайды.

129. Прокурор келесіде қылмыстық іс қозғай отырып не материалды қосымша тергеуге жолдай отырып, қылмыстық істі қозғау туралы қаулының күшін жойған жағдайда, прокурор қабылдаған шешім туралы субъектіге жазбаша түрде хабарлайды. Қылмыстық қудалау органы және прокуратура органы қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойған кезде, бас тарту материалдарын есепке алу журналына белгі қойылады.

Прокурор қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулымен келіскен жағдайда, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдарды ведомстволық мұрағатқа сақтау үшін субъектіге жолдайды.

130. Карточка негізінде анықталған қылмыстар, оларды жасаған адамдар, қылмыстық істердің нөмірі, олар бойынша қозғалысы және сотта қарау нәтижелері басқармаларда қылмыстық істерді, қылмыстарды және оларды жасаған адамдарды Бірыңғай есепке алу журналында жүргізіледі.

Бірыңғай журнал басқармалардың тергеу, анықтау органдарының, соттардың және прокурорлардың қылмыстық істер бойынша іс жүргізу шешімдерінің уақтылы болуына және карточкаларды қоюға бақылауды жүзеге асыру үшін негіз ретінде қызмет етеді және бағандарының мазмұнына сәйкес және карточкалар мәліметтеріне толық сәйкестікте толтырылады.

131. Субъект қысқартқан қылмыстық іс Комитеттің мұрағатына жоғары тұрған прокурор бекіткен, қысқарту туралы қабылданған шешімнің негізділігі туралы қадағалау жүргізуші прокурордың қорытындысы болған кезде ғана қабылданады, одан кейін осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес қысқартылған қылмыстық істерді сақтауға қабылдау Журналында тіркеледі.

Мұрағатқа беруге жататын әрбір қысқартылған қылмыстық іске іс жүргізу шешімін қабылдаған органның лауазымды тұлғасы «қысқартылған қылмыстық іске карточка» (осы Нұсқаулықтың № 16-қосымшасына № 2-нысанда көрсетілген) қояды. Көрсетілген нысандағы карточкалардан мұрағат жұмысы бөлімдерінде тиісті қысқартылған істерге және басқа анықтамалық ақпаратқа іздестіру жүргізу үшін картотекалар құрылады.

132. Субъект қысқартқан қылмыстық істі беру тәртібі, мұрағаттық

қылмыстық істерді сақтау және жою Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 18 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мұрағат жұмысы бөлімшелерінің қысқартылған қылмыстық істерді және прокуратура органдарының қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылары шығарылған материалдарын қабылдау және беру Ережесін бекіту туралы» № 7-бұйрығымен анықталған (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4087-санымен тіркелген).

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) 1-қосымша
ЗС-1 Нысаны

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге де ақпаратты есепке алу карточкасы

(Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге де ақпаратты тіркеу органның Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштерді, хабарламаларды және өзге де ақпаратты есепке алу кітабында (бұдан әрі - ӨАЕК) өтініштер мен хабарламаларды тіркеуді жүзеге асыратын лауазымды тұлға арқылы кезекшілік тәулікте толтыруға жатады)	
1. Тіркеген орган _____	(а т а у ы)
2. Қылмыс, оқиға жасалған аудан (гарнизон, көлікте) _____	
3. Өтініштерінің, хабарламаларының нөмірі _____	20 жыл
4. Өтініштерді қабылдау туралы талонның нөмірі _____	ж ы л
2 0 _____	
5. Алғашқы тіркеу: Жедел басқару орталығы (1), жеке және заңды тұлғалардың жүгінулерін есепке алу журналы (2), кіріс корреспонденцияларды есепке алу журналы (3), сенім телефоны (4), өзге органдардан тергеуде болуы және соттылығы бойынша қабылданды (5), полицияның учаскелік инспекторына келіп түскендер (6), өтініш берушінің тікелей жүгінуі (7), өзге негіздер (8). № _____	
2 0 _____	ж ы л
6. Карточканың Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетті басқармасына (бұдан әрі – ҚСЖАЕКБ) келіп түскен күні _____ 20 жыл	
Қызметкер _____	
(тегі және қолы)	
ӨТІНІШ БЕРУШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ	
7. Өтініш беруші _____	(тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.)
7.1. Өтініш берушінің (ұйымның) мекенжайы _____	

көшесі

үй

корпус

пәтер

8. Жәбірленушілер

8.1. – 8.3. Т.А.Ә.	8.4. Туған күні	8.5. Жынысы	8.6 деректемеден

8.6. Жас мөлшері: 5-14 жас (01), 15-17 жас (02), 18-24 жас (03), 25-29 жас (04), 30-34 жас (05), 35-44 жас (06), 45-54 жас (07), 55-64 жас (08), 65-74 жас (09), 75 жас және одан үлкен (10). Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы (11), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі – ТМД) азаматы (12), азаматтығы жоқ адам (13), шетелдік азамат (14), оралман (15). Қандай жағдайда: сауыққан (21), алкогольдік мас күйінде (22), есірткілік (23), уытқұмарлық мас күйінде (24), өзге де психикасының ауыру жағдайының салдарынан (25). Кәмелетке толмаған тәрбиеленді: толық отбасында (31), толық емес отбасында (32), өзге жағдайлар (33), қамтамасыз етілген отбасында (34), орташа материалдық қамтамасыз етілген отбасында (35), күнкөрісі төмен отбасында (36).

Қызмет түрі: офицерлер (41), әскери қызметкерлер: шақырту бойынша (42), шарт бойынша (43), түзету мекемесінде қылмыстық жазасын өтеген адамдар (44), тергеу изоляторында қамаудағы адам (45). Жасалған орны: көшеде (50), тұрғын үй-жайда (51), оқу орнында (52), жұмыс орнында (53), емдеу мекемесінде (54), қызмет орнында (55), жертөледе (56), орман, орман отырғызулары, парк (сквер) (57), пляж, су қоймалары (58), шұқырлы, ойлы жерлер (59) басқалары (60). Өзіне өзі қол жұмсау әрекетіне жол салушы факторлар: жалғыздық (шектетілген сезіммен) (61), материалдық ауыр жағдай (бонкрот болу, қарыздар) (62), жағдайсыз материалдық жағдайлар (63), қақтығысқан қарым-қатынастар: туыстармен (64), жұбайымен (65), ата-аналарымен (66), оқу (жұмыс) орны бойынша (67), отбасылық қарым-қатынастың бұзылуы (ажырасу) (68), қаламаған жүктілік (69), ауыр соматикалық аурулар (70), жақын адамның айрыла (өлім) (71), әлеуметтік мәртебесінен айрылу (бедел) (72), жазадан, маскара болудан (қылмыстық жауапкершілік) қорқу (73), қорқытып алу (74), этникалық (75), анықталмады (76), басқалары (77). Өзіне өзі қол жұмсау тәсілі: асылу (81), оқ дәрімен атылатын қаруды (82), шанышқылы-кескіш заттарды (83), көлікті қолданып (84), улану: тамақпен (85), дәрі-дәрмектермен (86), тұншықтырғыш газбен (87), улы химикаттармен (88), артық қолдану: есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттарды және прекурсорларды (89), жоғарыдан құлау (90), электрлік тоқ соғу (91), өзін өзі жағу (92), суға кету (93) нәтижесінде алған жарақаттар өзге де (94).

9. Жағдай (оқиғаны) суреттеу (әдісі, сипаты, күні, уақыты, нұқсан сомасы мың теңгемен) " _____ " _____ 20 ж. _____ сағат _____ минут

Сезікті адамдар туралы деректер (ерекше белгілер, автокөлік, қарудың болуы) _____

КРИМИНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ БАР ӨТІНІШТЕР (ХАБАРЛАР) Т У Р А Л Ы М Ә Л І М Е Т Т Е Р

Өтініштер, хабарламалар жасырылған деп танылды

10. Есепке алу жасырылған өтініштерді анықтады: қылмыстық қудалау органы (1), прокурор (2), Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті басқармасының қызметкері (3), арнайы прокурор (4), 10.1. Есепке алу жасарылған өтінішті анықтаған орган: _____

Тергеуде болуы бойынша келіп түскен өтініш, хабарлама

11. Өтініш, хабарлама келіп түскен қылмыстық қудалау органы:

11.2. Шығыс нөмірі _____ "_____" _____ 20__ жыл

12. ӨАЕК-де тіркеу нөмірі _____ "_____" _____ 20__ жыл

13. Қылмысты алдын-ала дәрежелі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің _____ бабы _____ бөлігі _____ тармағы.

14. Қосымша белгілер: өзін-өзі өлтіру (суицид) (01), сапасыз азық-түліктен улану (02), ұрлық: мал (03), түсті металл (04), жаңа егін (05), жүктерді ұрлау (08), қозғалмалы құрам құралдарын ұрлау (09), байланыс заттарын ұрлау (10), үй құстарын ұрлау (11), автокөліктік заттарды ұрлау(12), пәтерден ұрлау (13), қалта ұрылары (14), автокөліктерді айдап әкету (15), тонау: бас киімдерді (16), сөмкелерді (17); танылмаған мәйіт (06), зорлап өлтірудің белгілері анықталмаған мәйіт (07), із-түзсіз жоғалғандар бойынша тіркеу (18), ұрып-соғу (19); пломбыларды бұзу немесе қирату іздерін табу (20); автокөлік агрегаттарының (двигательдерінің) нөмірлерін бұзу (21), өрт (22), жазатайым оқиға (23), дәрі-дәрмек заттарымен улану (24); алкогольмен улану (25); құқық қорғау органының қызметкері жасаған (26), құқық қорғау органының қызметкеріне қатысты жасалған (27), экстремистік сипаттағы (28), адам саудасы (29), сыбайлас жемқорлық (30), өзін-өзі өлтіру әрекеті (31).

15. Көрген адамдар, іздер бар: қылмысты (оқиғаны) көрген адамдар (01), қолдың іздері (02), аяқ киімнің іздері (03), бұзу қаруының іздері (04), көлік ізі (05); ботаникалық-топырақ микроорганизмдері (06), биологиялық микроорганизмдер (07), физико-химиялық микроорганизмдер (08), жарылғыш-техникалық микроорганизмдер (09); атыс қаруының оқтары және гильзалары (10), жару өнімдері (11).

16. Анықталған немесе ұсталған тұлғалардың саны (1) _____, олардың ішінде әйелдер (2) _____, кәмелетке толмағандар (3) _____, шетелдіктер (с.і. ТМД азаматтары) (4) _____.

17. СЕЗІКТІ:

17.1.–17.3. Т.А.Ә.	18.4. Туған күні	17.5. Кезекші тәуліктерде анықталды (1), кезекші тәуліктерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 132-бабы бойынша ұсталған (2)

Жасау орны туралы мәлімет

18. Жасау орны _____

көшесі _____ үй _____ корпус _____ пәтер _____

Жедел топ туралы мәліметтер

19. Оқиға болған жерге бару: кезекші бөлім (01), тергеу (02), с.і. экономика саласы бойынша қылмыстар (03), анықтау (04), криминалдық полиция (05), учаскелік инспекторлардың қызметі (06), сараптама-криминалдық бөлім (07), жол полициясы (08), потрульдік посттық наряд (09), әскери бөлім (10), мед сауықтандыру (11), «СҰҢҚАР» арнайы бөлімшелері (13), мемлекеттік күзет қызметі (14), жедел-техникалық қызмет (15), арнайы полиция (16), «Арлан» арнайы бөлімшесі (17), Жедел ықпал етудің арнайыландырылған жасағы (18), инженерлік-техникалық (саперлік) бөлімшелер (19), Экстремизммен күрес жөніндегі бөлімше (21), ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі (22), есірткі бизнесімен күрес жөніндегі (23), жеке қауіпсіздік (24), өзге де полиция бөлімшелері (20).

20. Қарау кімге тапсырылды: _____ (лауазымы, Т.А.Ә.)

20.1. Қызметі _____

21. Лауазымды тұлға (жедел кезекші) _____

"_____ "_____ 20__ жыл

Өзге де белгілер _____

Ескерту: толтырылғаннан кейін карточка ресми статистикалық құжат болып табылады. Оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған деректер енгізгені үшін заңда белгіленген тәртіпте жауап береді

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта карау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) 2-қосымша
ЗС-2 Нысаны

Қылмыстар, оқиғалар туралы тіркелген өтініш, хабарлама және өзге де ақпарат бойынша шешімді есепке алу карточкасы

Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініш, хабарлама және өзге де ақпаратты тіркеу Қылмыстар, оқиғалар туралы өтініш, хабарлама және өзге де ақпаратты есепке алу кітабында (бұдан әрі - ӨАЕК) өтініш, хабарлама және өзге де ақпаратты тіркеуді жүзеге асыратын органның лауазымды тұлғасымен жүзеге асыруға жатады.

1. Тіркеген _____ орган _____ (а т а у ы)

2. Қылмыс, оқиға туралы өтініштің, хабарламаның нөмірі № _____ " _____ " _____ 20 жыл

3. Карточканы толтырған қызметкер _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.) мен қолы)

3.1. Карточканың түскен күні " _____ " _____ 20__ жыл

4. Қылмыс туралы өтініш, хабарлама бойынша шешім қабылданды: деректер расталмады (1), әкімшілік құқық бұзушылықтар (2), криминалдық сипаттағы белгілері бар өтініштер, хабарламалар (3),

5. Қызметкердің баянаты бойынша нарядқа шығару _____ № _____ күні " _____ " _____ 20__ жыл (і с н о м е н к л а т у р а с ы)

5.1. Әкімшілік хаттама құрылды № _____ күні " ___ " 20__ жыл

5.2. Дәрежесі _____ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі – Қ Р Ө Қ Б К)

6. ЗС-2 нысанды карточка бойынша шешім қабылдаған қызметкер _____

Криминалдық (хабарламалар) туралы мәліметтер	сипаттағы туралы	белгілері және	бар, олардың	өтініштер қаралуы
--	------------------	----------------	--------------	-------------------

7. Қылмысты дәрежелеу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – ҚР ҚК) _____ бабы (бұдан әрі – бб.) _____ бөлігі (бұдан әрі – б.) _____ тармағы (бұдан әрі – т.)

7.1. Қылмыс санаты: аса ауыр емес (1), ауырлығы орташа (2), ауыр (3), аса ауыр (4)

7.2. Қылмыс: жалпы қылмыстық (1), экономикалық (2), өзге (4).

7.3. Қосымша белгілер: өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) (01), әрекеті (02);

8. Белгіленген нұқсан мөлшері _____ мың теңге, олардың ішінен өтелгені _____ мың теңге;

Мемлекетке келтірілген нұқсан _____ мың теңге;
Заңды тұлғаларға келтірілген нұқсан _____ мың теңге;
Жеке тұлғаларға келтірілген нұқсан _____ мың теңге;
Өтелген нұқсан сомасы _____ мың теңге;
Мемлекетке өтелген нұқсан _____ мың теңге;
Заңды тұлғаға өтелген нұқсан _____ мың теңге;
Жеке тұлғаға өтелген нұқсан _____ мың теңге;

КРИМИНАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ БЕЛГІЛЕРІ БАР ӨТІНІШТЕРДІ (ХАБАРЛАМАЛАРДЫ) ҚАРАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

9. Қарау мерзімі ұзартылған: 10 тәулікке дейін (1), 2 айға дейін (3);
Ұзарту күні " _____ " _____ 20__ жыл

10. Шешім қабылданды: қылмыстық іс қозғау туралы (01); қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы (02); берілді: тергеуде болуы бойынша (03); соттылығы бойынша (04); ӨАЕК-ге тігілген (05), сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу нысанында (бұдан әрі – СДЖІЖ (06);

10.1. ӨАЕК-ге бұрын тіркелген материалдың № _____ ӨАЕК-ның тіркелген күні " _____ " _____
_____ 2 0 _ _ ж ы л

10.2. Қылмыстық іс (бұдан әрі – ҚІ) нөмірі _____

10.3. Бас тарту материалының нөмірі _____

Бас тартудың негіздері: Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) 37-бб.1-б .1-т. (11), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.2-т. (12), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.3-т. (13), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.4-т. (14), ҚР ҚІЖК 37-бб .1-б.5-т. (15), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.6-т. (16), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.7-т. (17), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.8-т. (18), ҚР ҚІЖК 37 -бб.1-б.9-т. (19), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.10-т. (20), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.11-т. (21), ҚР ҚІЖК 37-бб.1-б.12-т.-ҚК 67-бб. 1-б. (24), ҚР ҚІЖК 38-бб.1-б. – ҚР ҚК 67-бб. 2-4 б. бойынша (26).

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғаннан кейін материал арнайыландырылған сотқа жолданды:

Шығыс (бұдан әрі – шығ.) нөмірі _____ күні " _____ " _____ 20__ жыл

10.4. ҚР ҚІЖК 185-бб. 1-б. 3-т. тәртібінде тергеуде болуы бойынша органға берілді _____

Шығыс нөмірі _____ күні " _____ " _____ 20__ жыл

10.5. Шешімнің қабылданған күні " _____ " _____ 20__ жыл

10.6. Шешімді кім қабылдаған: прокурор (01), арнайы прокурор (21), Ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) тергеушісі (02), ПБ штаттық анықтаушысы (03), учаскелік инспекторы (04), ҰҚК тергеушісі (05), ҰҚК анықтаушысы (06), ЭСЖҚКА органдарының тергеушісі (07), ЭСЖҚКА органдарының штаттық анықтаушысы (08), анықтау функциясы берілген ЭСЖҚКА органдарының қызметкері (09), кеден анықтаушысы (10), ТЖМ анықтаушысы (11), анықтау функциясы берілген ТЖМ қызметкері (30); түзету мекемесінің анықтаушысы (12), әскери-тергеу басқармасының анықтаушысы (13), ПМ әскери полиция анықтаушысы (14), Қорғаныс министрлігінің әскери полиция анықтаушысы (15), әскери бөлім командирі (16), әскери қарсы барлау органдары (17), ҰҚК ШҚ анықтаушысы (18), сот (19), ҰҚК әскери полиция анықтаушысы (20), бөлімшелердің жедел уәкілеттілігі барлар: есірткі бизнесімен күрес жөніндегі (22), криминалдық полиция (23), көші-қон полициясы (23), КІБ (25), табиғатты қорғау қызметі (26), жеке қауіпсіздік (27), жол полициясы (28), ПО өзге де қызметкерлері (29), бөлімшелер қызметкерлері: ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес жөніндегі (31), қоғамдық қауіпсіздікті қорғау (32).

Шешімді қабылдаған лауазымды тұлға _____ " _____ " _____ 20__ ж.

ҚІ ҚОЗҒАУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

11. Прокурор: ҚІ қозғай отырып ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойды (1), соның ішінде қылмыстық қудалау органының бастамасы бойынша (2), ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының қосымша тергеуге күшін жойды (3), қылмыстық қудалау органының бастамасы бойынша қосымша тергеуге ҚІ қозғаудан бас тарту туралы қаулының күшін жойды (4).

ҚІ № _____

Күшін жою күні " _____ " _____ 20__ жыл
 Материалдың қылмыстық қудалау органына келіп түскен күні " _____ " _____ 20__ жыл
 Прокурор _____
 " _____ " _____ 20__ жыл
 Өзге де белгілеулер _____

Ескерту: толтырылғаннан кейін карточка ресми статистикалық құжат болып табылады. Оған қол қойған тұлғалар көрінеу жалған деректер енгізгені үшін заңда белгіленген тәртіпте жауап береді.

Қылмыстар, оқиғалар, қылмыстық істер, оларды тергеу, прокурорлық қадағалау және сотта қарау нәтижелері туралы өтініштерді, хабарламаларды, шағымдарды және өзге де ақпаратты бірыңғай карточкалық есепке алуды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа (Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе) 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 10.04.2013 № 38 (бірінші рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.0 Нысаны

Қылмыстарды есепке алу карточкасы

1. _____
 (қылмыстық істі (бұдан әрі - ҚІ) қозғаған органның атауы)

2. ҚІ қозғаған қызмет: тергеу (1), анықтау (2), оңтайландырылған сотқа дейінгі іс жүргізу (бұдан әрі – ОСДІЖ) тергеу (6), ОСДІЖ анықтау (7)

3. ҚІ нөмірі _____ қозғалған күні «__» _____ 20__ ж.

4. Қылмыс жасалған аудан (гарнизон, көлік) _____

5. Әскери бөлімнің нөмірі (атауы) _____

6. Статистикалық есепке алу түрі: есепке алу (1), алып тастау (2)

9. Карточканың Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Басқармасына (бұдан әрі - ҚСЖАЕКБ) келіп түскен күні «_____» _____ 20__ жыл
 ҚСЖАЕКБ қызметкері _____

10. ҚІ қозғаған: прокурор (01), ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ИО) тергеушісі (02), ИО штаттағы анықтаушысы (03), учаскелік инспектор (04), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) тергеушісі (05) ҰҚК органдарының анықтаушысы (06), Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (бұдан әрі – ЭҚСЖҚКА) органдарының тергеушісі (07), ЭҚСЖҚКА органдарының штаттағы анықтаушысы (08), анықтаушының қызметі жүктелген ЭҚСЖҚКА органдарының қызметкері (09), Кеденді бақылау комитеті (бұдан әрі – КБК) органдарының анықтаушысы (10), Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі - ТЖМ) органдарының анықтаушысы (11), анықтаушының қызметі жүктелген ТЖМ қызметкері (30), түзету мекемелерінің (бұдан әрі – ТМ) анықтаушысы (12), Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу басқармасының (бұдан әрі ИМ ЭТБ) тергеушісі (13), ИМ әскери полициясының (бұдан әрі – ЭП) анықтаушысы (14), Қорғаныс министрлігінің ЭП (бұдан әрі – ҚМ ЭП) анықтаушысы (15), әскери бөлім (бұдан әрі – ӘБ) командирі (16), әскери қарсы барлау органдары (17), ҰҚК ЭП анықтаушысы (18), сот (19), ҰҚК Шекара қызметі (бұдан әрі – ШҚ) органдарының анықтаушысы (20), арнайы прокурор (21), орган сыртқы барлау саласында өкілеттілік берген ҰҚК

лауазымды тұлға (22), анықтаушының қызметі жүктелген Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызмет қызметкерлері (2 3)

10.1. Мынадай нәтижелер бойынша қозғалды: қылмыстық істі қозғаудан (бұдан әрі – ҚІҚ) бас тарту туралы қаулының күшін жою нәтижесінде (01), соның ішінде (бұдан әрі – с.і.) сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚІЖК) 109-бабы (бұдан әрі – б.) тәртібімен (13), бас тарту туралы шешім қабылдаған органның атауы _____, № _____, күні 20__ жылғы «__» _____,

бас тарту туралы шешім қабылдаған қызмет: тергеу (1), анықтау (2), бұрын тіркелмеген материал бойынша (02), тергеу барысында анықталды (03), қылмысқа қатысты № _____ істен бөліп шығарылды (04), тұлғаға қатысты (05), ҚР ҚІЖК 394-б. 1-бөлігі (бұдан әрі – б.) 3-тармағымен (бұдан әрі – т.) орган арқылы жек айыптау ісі бойынша (06), материалды қосымша тексеруге жолдағаннан кейін (07), ақталмайтын негіздер бойынша ҚІҚ-дан бас тартылды (08), с.і. ҚР ҚІЖК 37-б. 1-б. 3-т. сәйкес ҚІҚ-дан бас тартылды (09), әлеуметтік-экономикалы саладағы заңдылықты қадағалау желісі бойынша тексерулер (10), әкімшілік өндірістің негізсіз қозғалуы (11), жек айыптаулар бойынша материалдарды сотқа заңсыз беру (12), өз қызметкеріне қатысты мемлекеттік орган жүргізген тексерудің қорытындысы бойынша (14)

10.2. есепке алудан жасырылған қылмысты анықтаған: ҚСЖАЕКБ қызметкері (1), прокурор (2), сот (3), ведомстволық жолмен (4), ҚСЖАЕКБ және прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп (6), ҚСЖАЕКБ және есепке алу-тіркеу тәртібі бойынша ведомстволық комиссияның қызметкерлерімен бірлесіп (бұдан әрі – ЕАТТ) (7) қылмыс есептен мынадай жолдармен жасырылған: ақталатын негіздер бойынша ҚІ қозғаудан негізсіз бас тарту (08) ӨАЕК тіркемеу (02), әкімшілік іс жүргізуді негізсіз қозғау (04), жеке айыптау істері бойынша материалды негізсіз сотқа беру (05), қылмыстық істен басқа қылмыс құрамының белгілері бар тексеру материалдарын бөліп шығарма немесе деректер бойынша қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдамау (06), тексеру материалдарын номенклатуралық іске негізсіз шығарып тастау (09), аумақтылығы (тергеуде болуы) бойынша іс жүзінде жолдаусы ӨАЕК белгі жасау арқылы (10), іс жүзінде бұрын тіркелген қылмыстық іске (материалға) біріктірмей, ӨАЕК белгі жасау арқылы (11)

қылмысты жасырған орган _____ қызмет: тергеу (1), анықтау (2)

10.3. Қылмыс мыналармен бірлескен жұмыс нәтижесінде анықталды: ҰҚК (1), ПИМ (2), КБК (3), ЭҚСЖҚКА (4) ҰҚК ШҚ (5) басқалармен (6), арнайы прокурормен (7), ҰҚК, сыртқы барлау саласында уәкілетті органмен (8) Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен (9)

11. Қылмыс туралы өтініштердің, хабарламаның нөмірі және оның ӨАЕК тіркеу күні № _____ « _____ » _____ 20__ ж.

(өтінішті (хабарламаны) тіркеген органның атауы _____) нұқсанның көлемі _____ мың теңге «__» _____ 20__ ж. «__ сағат __ минут»

